

84,5К03
M88



ҒАБИТ
ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРИ
МҰСІРЕТТОВ

37204
И

Тимка-Димка

КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК
СРОКОВ ВОЗВРАТА

Книга должна быть возвращена
не позднее указанного здесь
срока

Количество предыдущих выдач

26/5 10. 13 10 /10/
24. 08. 13 2314 /10/

Фабит МҮСІРЕПОВ

Тимка-Димка

әңгімелер

Кұрастырган Д. Әшімханұлы

Астана
“Таным” баспасы
2003

84.5Каз
ББК 84Каз7-44
М 87

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
көгамдық келісім министрлігінің бағдарламасы
бойынша шыгарылып отыр

Мұсірепов F.
М 87 Тимка-Димка.—Астана: “Таным”, 2003.
—80 бет.

ISBN 9965-640-26-2

Классик жазушының бұл алақандай жинағына
кезінде оқулыктар мен хрестоматияларға көп
кірмеген, бірақ әр жылдарда жарық көрген шыгар-
маларының бірінен орын алған, мазмұндық,
көркемдік жағынан қай заманда да құнын жоймай-
тын бірнеше әңгімесі енгізілген.

37204

М 4702250201
00(05)-03

ББК 84Каз7-44

012

ISBN 9965-640-26-2

© Таным, 2003

ТАЛПАҚ ТАНАУ

Сары атан тәкаппар болған себебі – ол ғасырлар бойы қазақ елінің тарихын арқалап, тербетіп келдім деп ойлайды. Тарихи еңбегім үшін мені “шаңырақ атан” деп атады деп сенеді. Өзім де тарихи жануармын, жалқау далада аяндасам да қазақ тарихының үйқысын бұзбай, арқамнан түсіріп алмай, атын жоғары ұстадым. Сондықтан қалай пандансам да иір-шиыр бойыма жараса береді дейді. Қазақ тарихының жүрісіне дейін өзінің балапан ырғағына салып алдым деп ұғынған сары атан өзінен өзгені танығысы да келмейді... Арқадан Алтайға, Алтайдан Қытайға ғасырлар бойы арқалаған ағаш шаңырағын қазақ тарихының шаңырағы деп есептейді де, өзінің құрметті жануар екеніне таңданбайды. Тегінде бір елдің тарихына байланысты аталған соң, тәкеппар болатын орны да бар. Жаз бойы жалпақ жайлауда жалқау басып, арқалап тасып жүргені тарих болып шықса; түйенің бұл пандығында не ерсілік бар?..

Сары атанның тәкаппар ойының дәлелдері де тәкаппар:

— Қазақ ең сұлуын “Бота көз”, ең жүйрігін “Бота тірсек” дейді. Бір елдің қолы жетпес сұлуы мен жел жетпес жүйрігін тенеуге мені қалап алса, сірә менде қандай олқылық болуы мүмкін?..

— “Боз іңген” күйі деп тартқанда боз тоғрай шырылдауын, бұлбұл сайрауын қояды. Қазақ елі қайдағы қажыған күндерінің зәрлі зарын төгіп, шерін актарғандай болады. Азусызы, азғана ел азығын күндердің аянышты халдерін айта алатын мұнды күйді, зарлы ұнді бізден тапқан. Алды жар, арты жау қамалаган ділгер ел, жау жетегінде кетіп бара жатқанда шерлі жүрегін осы “Боз іңген” күйімен босатқан. Шексіз қуанышы мен тұпсіз қайғысын осы күй арқылы ғана жете айта алған...

— Жасыған жан болсын, қалжыраған халық болсын, ең жіңішке сезімдерін біздің мойынға артуының өзі басқа жануарлардан бір мойнымыз артық тұрганын дәлелдейді, — деп сенеді сары атан.

Мұнысы құрғақ дәүкестік те емес секілді. “Боз іңген” күйін толғауын толтырып, ең-келектетіп келіп еніреткенде, тындаушылар бір күрсінбей қойған емес. “Боз іңген” әркімчің шерлі щектерін шертіп, қан қатқан жүрегін босатып жатқан секілденеді. Су ағуын, жел соғуын тоқтатып, даланың қайғылы мұнын талай тындағаны рас.

Елсіз жер... еніреген іңгенде күй,
Селеулер жел оятқан билеген би.
Аулакта қорқақ қоян зар тындаған,
Тұқырап қала берген шеңгел мен ши.
Көбейген көк жүзінде жұлдыз қоздап,
Боз іңген зар қақсаған жолда боздап.
Тұктіде түйедегі зарлы сарын
Қажытпас қам көнілді қалай қозғап?

Боздаган ботасына зар илеген,
Қозғаган, қоңыр іңірді әлдилеген.
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,
Төрт табан құмды қосып нан илеген...

Қозгайтын қобыз тартса өсіресе,
Төңкеріп жан көнілің әлденеше.
Құм кезіп, түнде безіп тындаитынбыз,
Түйенің күйін сонау тартқан кеше.

Әсем күй, саусакта би, саңғыраған,
Жүйрік үн, жүрек жалмап жамыраған.
Боздатса “Боз іңгенді” зарлы қобыз
Сарыны сар даланың ақыраған.

Боздауын қобыз боздап, ақырауын,
Қыл сарнап, керуеннің дабырауын.
Ұғасың анда-санда ойнакы үннен
Кей қағыс күлдірлетіп қонырауын.

Алатай айырыларда алтын күннен,
Күйімен шаң сөгілген, күніренген.
Кеш батып, кешкі қозы жамыраумен
Қобыздан “іңген зары” сонда үзілген...

“Боз іңген” ен жайлауға еркін шығып
алып, құлдырап барып жоғалып бара жат-
қандай тындаушылар:

— Жарықтық есті мал ғой!.. десетін. Оның үстіне сары атан өзінде бір ұлттық белгісі барлығына да шуббасыз қарайды. Өзге малдан көрі көнбіс, ерінбейтін еңбекші, бейғам болғандығын осыған байланыстырады.

— Қаратаудан көшінді көшірмедім бе? Қарағандының көмірін, Қарсақпайдың сұртасын тасымадым ба мен? Тұрксибті салыспадым ба? Бірінші тракторды ауылға сүйреп әкеліспедім бе мен? Қазір қай жұмысынан бас тартып отырмын, — деген секілді, айта берсе, толып жатқан дәлелі бар.

— Шөлейтте, сузыз құмда отсыз ербен-деп жүре беретін мен емес пе едім? — дейді сары атан.

Есіз жайлауды ерсіл-қарсыл кесіп жүретін сары атан осындей ен еңбектерін айтып, жазушы Н. Тихоновтың “түйе – аң” дегеніне таңданады...

Ал енді сары атанның арбасында іркілдеп жатқан екі үлкен шошқа түк ойламастан келе жатыр. Бауырында төрт торайы, анасының болжыраған боз емшектерін қомағайлана тұртқілеуден басқа еш нәрседен хабары жок. Көздері кілбиген, ақ кірпік балапандарда жалпақ тұмсықтарымен анасын көруден басқа не ой барлығын түсінуге болмайды. Сөлеметтеу, қолбандаған, надан нәрсе секілді. Анда-санда талпақ танаулардан жалпы түрде жабыла бір пыскырып қойып, бұрынғы дүспан еліне тәуекел етіп, тартып келеді...

Бұрын орыс пен қазақ төбелесе қалса:

- Түйесін, бақырауық!..
- Шошқасың, тоңмойың!.. — деп, бірін-бірі ең жаны сүймеген жануарға теңесетін.

Түие секілді тарихи орын алар ма, жоқ па, ол арасы өздеріне қараңғы, шошқалар “Жаңа жол” колхозына келіп кірді. Арбадан түсейін деп еді, колхоз мүшелері осқырып, жақындаі қоймады. Арбаға жақындалы тыңдаған пішінмен іірілді де тұрды.

Шошқаны алып келген колхоз бастығы Сәден:

- Кәне, жігіттер, мұны енді арбадан не-тісіндер... несіне осқырасындар, бұ да малғой... — деді азғана езу тартып. Даусы аса сенімді шықлады. Бірақ...
- Мүмкін, мал шығар...
- Орыстар мал деп асырайды ғой, әйттеуір...
- Танауы талпақ екен...
- Аузы малға ұсамайды-ақ...
- Жоқ, тұяғы айыр, қойға ұсайды...
- Тек, қойға теңемеші көпірді... Бауыры толған қаз-қатар емшек, қай жері қой болушы еді?..
- Сәден, осыны мал деп тұрсын-ау?..
- Мал емес деп кім айтты?
- Мүмкін, мал шығар... бағып көрмеген малымыз...

“Жаңа жол” колхозының мүшелері осы секілді көртартпа, сықақ секілді сұраулар-

мен Сәденді қамалады да, шошқаларды түсірісуге жоламады.

Бұл қобалжуды Сәден жақсы біледі, өзінде де болған. Совхоздан берілген малдарға қосып, екі шошқа алуға уәделескелі екі ай болса да, әкетуге кеткенде талай тайып шыға беретін.

— Сәден, шошқаларыңды алып кетсейші, — деп, ферма бастығы талай ескерткенде:

— Жүре тұрсын... келесі жолы алармын... — деп, ылғи тастап кететін.

Айни-айни, қобалжи-қобалжи бүгін өрең әкеліп тұр. Шошқаның жонына қарап қызықса да аузы салтақ-салтақ, бауыры толған күлтілдеген емшек... Тұмсығы бір түрлі өзінің... Құлағы анау... Бірақ тұяғы айыр...

— Эй, арам шыгарсың-ау, ант үрган... — дейтін ішінен. Қазір ол қобалжуды Сәден жеңді. “Арам” деген не? — Молдалардың қыртылы! Орыс жылқы етін жемейді!.. Бәрі молданың, діннің жұмысы. Оған тек надан елғана сенуге тиісті. Мәдениетті елдің бәрі де жейді. Кеңес үкіметі керек болса, шошқа совхоздарын құрып жатыр. Біздің жаңа дініміз — Кеңес үкіметі неге бастаса, сол! Біз осыған ғана сенуіміз керек! Ал енді мәдениетті Американың шошқалары моншаға түседі, торайын ақ шуберекке орап алады, — дейді.

Сәден осыдан артық дәлел таба алмады, іздегісі де келмеді. Өйткені осы дәлелдері жеткілікті секілді көрінді. Осы ойымды өз

сөзіммен жайып айтып берсем, колхозымды сендіре алам, одан өзгенің дәл қазір керегі де шамалы деді. Сөйтті де, білекті түріп жіберіп, тәуекел деп шошқаны алды да келді.

Жиналғандар әлі жақында май түр. Ептең, Сәденді мазақ еткілері де келеді. Бірақ Сәден ешбір жұмысты ойламай, білмей істемейді. Бұл оның әдеті секілді нәрсе. Колхоздың бастығы екенін былай қойғанда, қара басының беделіне күйе жағуға болмайды. Ол ұрыспайды, ақырмайды. Істе дегенін істептей және қоймайды. Қашан да өзі бас болып істей бастаған соң, басқалар еріксіз екпіндеп, жұмысты қөтеріп әкетеді. Жұмысты бітіріп болған соң азғана езуін жырып жымиядь да:

— Кәне бітпегені? Колхоз тізесін басып жіберсөң, бітпейтін іс болмайды! — деп, колхозшыларға бір қарайды. Осы қарауы қайта қаруландырғандай, колхозшылар екінші іске тағы да екіленіп кіріседі.

Сәден қазір де соны істейін деп түр. Үнде-мей, шошқаларды айналып жүргені өзінің үйреншікті әдісін тағы қолданады деген сөз. Шошқаны әкелген екен, оны мал етіп шығаруында дау жок. Ол істейді. Өйткені беті бұлк етпейді, сенімді.

Сәден шошқаларды құшақтап ұстап, аяқтарын шеше бастады. Жан торсықша бұлтиған ақ торайларды құшақтай қөтеріп, сарайға тасып жүр. Жүрттың көзін үйретейін

деген адамша, торайларды бір-бірлеп тасиды. Біреуін құшактап көтеріп алады да, арқасын сипап тұмсығын ұстап, қолтығына қысып апарып, сарайға кіргізеді.

— Босқа жамандайды, түге... өзі таза мал екен... — деді Сәден, сенімді дауыспен.

— Мал болса болар, бірақ таза болмас...

— Бағып көрмеген малымыз...

— Мария келін бар ғой... бағар...

Жиналған топ езуіне іркілген құлқіні босата алмай тұр. Сөздері ілгешекті. Сәден онымен жұмысы да жоқ адамдай, шырқырап бақырған торайларды бір-бірлеп тасып, сарайға қамап болды. Торайлар бақырғанда әлі арбадан түсірілмеген ана шошқа ашулы тұрде тулас, қорсылдап қояды.

— Осыныңды қоя тұрсан да болар еді... деп ойлады Сәден.

— Үніне болайын жануардың!.. — біреу мырс ете күйгенеді, соны сылтауратып бәрі қарқылдасып, құлқі тіреген алқымдарын бір босатысып алды.

— Үні жаман болатыны мойны қысқа...

— Кеңсірігі де келісіп тұрған жоқ... үн кеңсіріктен келеді ғой...

— Бұл өзі жоғары қарамайтын жануар дейтін...

— Жұлдыз санататын ба едің оған?

Сәден ана шошқаны жонынан сипап тұрып:

— Күле тұрындар, жолдастар... күздігүні әрқайсысы бес пүттан май беретін отыз шакты мал болып шыға келгенде көрерсіндер! — деді.

— Майды қанша сұрасаң да берер... бірақ малдың майын бермес...

— Мал болмас, шошқа болар...

— Малдан не айырмасы бар?

— Жок, әшейін... қой-сиыр деген секілді мұның аты шошқа болады дегеніміз ғой...

— Ал енді таза болады дегеніңе илану киын...

— Таза ұстасаң, таза болады! Сиыр өз қорасын өзі тазалай ма?

Сәден шошқа анық мал, шошқаның майы көп, таза мал, тез өседі дегеннен басқа еш нәрсе айтпады. Мұнысына басқалар талас-пайтын да секілді. Бірақ шошқа мал емес деген ескі ұғыныстан шыға алмай, тәуекел мен көртартпаның арасында тұр. Шошқа секілді момын жануарға малдың атағына көшудің өзі бір теңдік болғандай болып тұр. Өзгені былай қойғанда өзінің туған інісі Әпен де жақында майды. Әпен Ефимнің қызы Марияны алғанда, замандастары:

— Енді, сіздің үйден қорсылдақтың құлағын жейміз ғой...

— Мария келін ол жануарсыз тұра алмас... — деп мазактаған болатын. Бұған екі жыл болып барады.

— Айтқандары келді-ау ант үргандардың... — деп ойлады Әпен.

Қолында европалықтар үшін “Қазак тілі” деген кітап бар, кешкі сабактан Мария келді. Жүріп келе жатқан бойы:

— Миын — диым... син — диім... ол — ди... біз — дид... сиз — диынғыз... алар — тоҗы, ди... — деп оқып келеді.

Мария қазақ әліппесін өтіп, енді өз бетімен кітап окуға жарап қалған. ҚазПИ-ді бітірген еркелердің көбінен тәуір... Бірақ жай сөйлескенде кідірмей, кедір бұдырысыз сөйлесе де кітаптан оқығанда күрмелे береді. Әсіресе септеу мен жіктеулер қинап жүр. Бірақ Мария оны жаттауды ҚазПИ қыздарының әдісінен артық бұлдірген жок...

Мария қайнағасының қасына келіп:

— Дядя, Сәден!.. Шошқа әкелгенсіз бе? Мыналар қорқып түр ғой, сірә... — деп, бақырып жатқан торайларға кетті жүгіріп. Дереу біреуін құшақтап алып шығып:

— Қозыдан қай жері кем?.. Әпен, сен де қашып түрмисың? — деді күйеуіне.

Әпен үндемеді. Колхозға келген шошқалардың қайдан орағытып келіп, Әпеннің атына байланысып тұрғанына ол қатты қысылып түр. Басқалары Марияға:

— Әрине, сен үшін кем жері жоқ, бірақ, Әпен де бекер шегінеді, оның рас... — деп, бір құлісіп алды.

Сәден арбаның үстіне шығып алып:

— Кел, Мария, түсірейік! — дегенде, Мария қолындағы торайды кенеттен Әпенге

ұстата салып, секіріп арбаның үстіне шықты. Әпен құсатын адамша, не құлуге, не жылауға айналғандай, бет аузын тыржитып торайды ұстап қала берді, лақтырып жібермеді.

Шошқалар жиналышп күліп тұрғандарға өкпелегендей, ашуланышп, қорсылдап қояды. Осы мінезін қоя тұрса, ешкім ештеме деместей көрінеді Сәденге. Сонда да жиналышп тұрғанда осы арада бір көндіріп алмаса, әңгіме созылатынын еске алып:

— Кәне, жігіттер, көтеріндер! — деді Сәден салмақты дауыспен. Бұл кәдуілгі дегенін істепей қоймайтын даусы оның. Бұл — ашу да емес, әмір де емес, іс істетерде шығатын дауыс.

Жігіттер бір-бірлеп, сыртқы киімдерін тастанап, білектерін түрініп, қолдарының ұшымен ғана жәрдем етпекші болып арбаға жақындалды. Біреуі құлағының ұшынан, біреуі аяғынан, біреуі арқасынан сүйемелеп қарап еді, ауыр қабан бұлк етпеді. Сипалақтап жүріп, Сәден “әуп!” дегенде жігіттер амалсыз құшақтап алып, қабанды жерге түсірді. Мегежін шошқаны көтеру бастапқыдан оңай болды.

— Эй, арам ант үрған ғой!.. — деп, жігіттер тағы бір қарқылдасып алды.

Моп-момын, жұп-жуас, майынан басқа айыбы жоқ, тоң мойын, надандау жануарлар қолбандап, қабырғасынан қозғалып, мұрындарын бір-бір тартып қойды. Түс сала

жерді бір нұқып жіберіп, төмен қараған бойы сарайға кірді.

Тебінгідей құлақтары мен салактаған емшектеріне қарап жиналғандар жиіркенеді де, жонына қарап “бес бармақты” еске түсіреді...

Қайткенмен 33 жылы, майдың екісі құні “Жаңа жол” колхозына бір түлік шошқа малы келіп кірді...

...Ұсақ сықаққа қазекең қандай шебер, жиналыста шошқа маңайына сөз көп үймеледі. Ешкім қарсы емес секілді. Бірақ кертартпа, ілгешек сөздер аяқ аттапайды.

— Таза мал депті ғой осында... рас шығар...

— Тек бағып көрмеген малымыз екенін айтамыз... Әйтпесе, мал екені рас шығар...

— Тек балалауы жі екен...

— Ешкі жі балаламай ма?

— Одан бұл жиірек көрінеді...

— Өзін не деп қайырады екен?.. Шөгешшөгө дейміз бе?..

— Е, қазақша қайдан білсін... Жаңа келіп түр ғой жануар...

— Мария келіннен басқа кісі бағуын біледі дейсің бе?.. — деген секілді сықаққа тандық қиғаш сөздер көркө дейін созылды. Мария тұра келді де.

— Мен-ақ бағайын, бірақ мен егінде екі кісінің жұмысын істеп жүрмін, — деді...

Ешкім шошқа баққысы келмейді. Марияны егіннен босату да киын. Ол істеген жу-

мыстың етек-жені түріліп сырғып отырады. Оның ісінде көрінбейтін бір өзгешелік бар секілді. Басқа әйелдер де одан қалыспай, кейде артық істегенмен Марияның қолы тиген жұмыс тиянақты, әрі өнімді, әрі сенімді біtedі. Сондықтан шошқаларды бағу Есен деген шалға тапсырылды.

Есен төрт торайын шұбыртып, екі шошқаны қопалы көлге әрен әйдалап әкеледі де, қоя береді. Өзі басқа бір жұмыспен жүрген адамша шеттен, алыстан ғана бақылап жүреді. Болмаса басқа бір жұмыс істеп жатады. Шошқа баққанына бірталай арланады да. Шошқаларын таңертен өл түрмай, ерте әйдалап әкетеді де, кешке өл орынға отырғасын әйдалап қайтып, көзге көп түспейді... Кешке үйіне келгенде таяғын, шекпенін сыртта қалдырып, үйіне жуынып кіреді. Сәденнен басқамен шошқа жайын әңгімелеспейді. Басқа малышларға да жақындаспайды. Жастар шошқа жайын сөз қыла бастаса, Есен арадан кетіп қалады. Сондықтан оны ешкім әурелемейді.

Бірер жетіден кейін шошқаны сықақтау сиреп, аяқ-суға айналды. “Жаңа жол” шошқаға көзі үйренгендей, күлмей сөйлейтін болды. Бір жиналғанда ортадағы астықтан азық та бөлді. Есен кешке қарай шошқасын шұбыртып келе жатқанда:

— Есеке, шошқаларың әбден-ақ семірген екен...

— Өзі шын тез көбейетін мал екен жа-
рықтық.

— Ана бір торайдың бүйірі неғып жара-
ланған? — десетін болды...

Бір күні ертемен шошқаларын айдал, Есен
көлге кетіп бара жатыр еді, артынан біреу
келіп:

— Бағар көбейсін, шалым!.. — деді.

Қараса, Шәкен дәрігер екен. Кәдуілгі мал-
шыларша Есен: “Айтсын!” — деп жалт қараса,
дәрігер мазақ қылғандай, күле айтып түр екен.

— Е, шалым, енді шошқа бақтың ба!.. —
деді, тағы да дәрігер аяушылық еткен пішін-
мен. Бұл жолы мазактап түрғаны Есенге тілті
айқын көрінді.

— Шырагым, біздің ісіміздің бәрі ерсі ғой,
сендерге. Аулағырақ жүрсең қайтер екен! — деді
Есен, артына қарап, таяғына сүйеніп тұрып.

Омірінде бірінші рет асырап отырған
шошқаны мазактағаны Есенге батады. Біз осы-
ған белді буып кірісіп отырғанда, оқыған-
дардың мазақ қылатын не жөні бар еді деп,
Есен жалпы оқығандарға өкпелейді. Бірақ
Шәкен дәрігерлер біздің оқыған емес, бай-
дың жұртында ұлып қалғандар екенін әбден
біледі. Колхоздың қай жұмысына да олар-
дың күле қарайтындарын, түймені түйедей
ететінін ол әбден түсінген. Сондықтан:

“Біздің ісіміздің бәрі сендерге ерсі көрінеді
ғой, аулақ жүр!” — деген, Шәкен біле білсе,
“кет, әй, мойнак!” дегендей етіп айтты Есен.

Атан жайында талай әдемі өлеңдер айтылғаны рас. Шошқа жайында жайылған өлең әзір жоқ. Өйткені ол бесінші түлік болып беки қойған жоқ әзір. Сонда да, бұл жөніндегі бірінші өлеңді “Жаңа жол” колхозы айтып салды. Қасен молданың баласы Әпен дегеннің мазағына мынадай өлең шығарылыпты:

Бес түлік малымыз бар: бірі шошқа,
Бөлеміз табын-табын етіп қосқа.
Аластап арамыздан айдал шыққан
Болып па сенен арам біздің шошқа.

Сын тағып шошқамызға қолдененнен,
Арам сөз көтеріпті Әпен деген.
Әкенде Қасен молда білетін ек,
Кіргенише өлік көрге сонына ерген...
Арқалап өлік киім-кебіндерін,
Есінде жүретінің бар ма сенің?

Шошқамыз әрі жайлы, әрі майлы,
Қарыс май қабырғадан қозғалмайды.
Сендердің із андыған сықағына,
Шошқамның жалғыз түгі қисаймайды!..

Түліктің шошқа жатар тазасына.
Нанбасаң жақсы бағып таза асыра.
Түйендей төсегіне тышпайды бұл,
Симейді сирындај жамбасына!..

Егерде соя қалсаң бір лағын,
(Әпенге беретін боп бір құлағын)
Мөляиіп төрт көз итше қөзін сатып,
Күзетіл отырар ең жер-өшағым?..

Жеті айда “Жаңа жол” колхозының шошқасы он сегіз болды. Бір үлкенін үйтіп тұрып сатып еді, екі бұзаулы сиыр болып шыға келді. Шошқалары семіз. Қымыз құятын мес секілді былқ-былқ етеді.

Көшпелі елдің шаңырағын арқаламағанмен, мал шаруасында тарихи орын алатындарына талпақ танаулар да сенімді түрде қорсылдайды...

— Достым, мен сендерді де өкелістім... Менің орным әлі де олқы болмайды! — дегендей, сары атан да тәқаппар күйі күйсеп жатыр...

ЕКІНШІ БИ-АФА

Дала жолы қатар жылжыған үш жыландай ирелендеп, екі жағына кезек ойысып отыратыны шоферімізге қатты ұнамай келеді. Кейде машинаның оң доңғалағын, кейде сол доңғалағын жол табанынан шығарып алады да:

— Осындай жарықшақ борбастың ортасымен жол салады екен! — деп әлдекімдерге үрсып қояды. Осы жолды салған түйенің қаңқайған басын, аттың құлағын боқтап келеді. Өз ауданының жерімен келе жатқа-

нымызда еріндері көп жыбырламайтын си-яқты еді, көрші ауданың жеріне шыққалы үдетіп кетті. Сонымен бірде Дайырбек – әдепті жігіт. Оның боктау айтып келе жатқанын сөз аяғын ысылдатып тоқтағанынан ғана ангарасын. Ара-тұра ол әдептілігін ұмытып та кетеді: боктап жібереді де, қипалақтап атақты аға жазушы Бейімбетке жалт етіп қалады.

Жеңіл машинаның брезент төбесін тесердей торсылдатып бүршақты жаңбыр құйып жіберді. Үлкендігі жидектей ірі бүршақтар жерге қыры сынбай келіп түсіп жатыр. Қалың қара бұлт төбемізден төніп бір алды да, жер бетін бүршағымен, наизағайымен атқылай бастады. Аспан жарылып кетердей гүрсілдейді.

— Мылтығынды тығып қойши, — деді маған Бейімбет. Қорқып отырганын жасырғысы келіп, жұмсақ айтты.

Мен мылтықты жаңа ғана жол-жөнекей атып алған екі дуадақтың астына тықтым.

— Тұмсығын өз жағыңа қаратып тық...

Би-агаң бірдемеден қорыққанда қалжын айтуға болмай қалатын. Мен өз жағыма қаратып салған мылтықтың тұмсығын көрсеттім.

— Дуадақтың қанаттарымен қымтап таста... — Машина дегеннің үсті-басы темір екенін мен Би-агаңа бұл жерде айта алмай, кешке қалдырдым...

Осынша шексіз-шетсіз қазак даласын жауып тұруға тым үлкен аспан керек. Біздің ас-

пан керіле-керіле қарны жұқарып өнімді бұлт жинай алмайды. Соңдықтан әлдеқайдан ада-сып келген бүршақты жаңбыр тарсылатып, гүрсілдетіп тез өтіп кетті. Әлде қай қабатында үйірліп қалған дөңбек тастарын олай да бұлай дүмбірлетіп, домалатып жер бетіне қулатып жібергендей болып аспан да тынды. Бір бүйір ойыса берген қара бұлттың батыс жақ етегін шүрк-шүрк тесіп күн кірпіктері көріне бастады. Борбас даланың саз балшығы машина доңғалактарына асыла жабысып, кесек-кесегімен былш-былш құлады. Екі-үш күннен бері қырынбаған дара ауыз шофердің еріндері қатты жымырылып, тістерінің арасынан ысылдаған дыбыс шығады. Боктап келеді. Бір олай, бір бұлай жұлқынған машинамен де алысып келеді.

Тегі Дайыrbек шофер – боктампаз жігіт. Таңертең тап осы машинаның доңғалактарын кезек-кезек тепкілеп боктап жүргенін көргемін. Ол екі машинаға ауысқалы да көп болмаса керек. Машинаны малша боктай-ды: құлағынан бастап боктап, “арам қат-қырлап” қояды.

— Былтыр гана бәрі жақсы атқа таласып жүруші еді, енді бәрі осы машинаға жарма-сады! — деп, аудан басшыларының да сыбағасын беріп жүр екен. — Күзгі лайсанға бір жетейік, содан кейін немді мінер екенсіздер...

Машинамыз борбасқа біресе алқымынан тіреліп, біресе тойтаңдап тулап, сазды қопа-

рып, жолға көлденендең тұрып қалады. Қақалып-шашалып, ырылдап-дырылдап қояды.

— Шаршадың-ау, жігіт! — дед! Бейімбет.

Сол-ақ мұн екен, шоферіміз жарылып кетті.

— Алдыңғы күні күн бойы земотделмен жүрдім. Кеше райисполкоммен, бүгін міне, сіздермен. Тұнде оралып ауданға жетіп, райкомды обкомға алыш жөнелем. Пленум... Ауданымызда жалғыз жеңіл машина осы. Бәрі осыған мінгеседі. Мұның да үлтаны қарамай сіңген қағаздай жып-жылтыр. Өзгесі емес-ау, үшеуінің үш помощнігі бар, солардың қылышы батады. Сен қалжырап қайтасың, олар сені шақырып алады да, түстерін сазартып: — Таңертеңгі алтыға! — дейді, өңкей бір ку аяқ...

— Сонау көрінген бұлыңғыр белеске дейін бір боқтамасаң, бір коробка “Сафо” темекісін сыйлаймын, — дедім шоферге.

— Ол белеске жетсек, өзім де боқтамаймын. Арғы жағы құмайт, — деді ол. Темекіні алыш қасына қойды.

Жалпақтығы он бес шақырымдай борбастан екі сағатта өрең еттік. Ар жағы құмайт, бетегелі дала екен. Жаңбыр бұл тұска соқпай өтіпті. Машина жабысқан балшықты тез-тез лактырып, зырылдап кетті.

Күн еңкейіп көкжиекке жақындай берді. Жайдары жатқан кең дала кешкі күнге қеудесін тосып еркелей керіледі. Боз тор-

ғайлар ұясының үстінде қалықтап, шексіз даланы толтыра тыныштық әнін салады. Бірақ ән, бір-ақ тілек, мөлдір таза сұлу ән... Жайдары кештің, жайдары даланың әні.

Көлденең жатқан бір саянда кеудесіне дейін ғана қылтиған адам көрінді. Борбастан құтылған соң шофер машинаны орғытып-жүйткітіп қатты айдал келе жатқан. Саяңға тез келіп қалдық. Әлгі адам енді түгел көрінді: женіл машинаның иығына шығып алып, бензин құятын өңешіне шүмектетіп түр екен... Біздің шофер қарқылданап күле бастады:

— Ойбай, мынау келе жатқан аудандарыңың, райисполкомы!.. Бензині таусылыш, сайдан шыға алмай қалыты... Сол, сол!..

Райисполком қапыл-құпыл түймеленіп, машинадан түсті. Құнге күйген қара торы жігіт үялғаннан курен-қызылданып кетіпті. Бізге жақынданап келіп Бейімбетке қолын созды да, тез кейін тартып алды.

— Сіздердің келе жатқандарыңызды естіп... асығып келе жатсам... бензині құрғырдың таусылыш қалғаны...

Біз машинадан түсіп амандастық. Аты Бекіш екен. Біз одан келе жатқан ауданымыздың жайын сұраймыз, ол айналактап өзінің жаңағы халіне орала береді.

— Аудан орталығына дейін отыз-ақ шақырым... бензині құрғырдың таусыла қалғаны ғой. Амал бар ма, әуелі шоферім, содан соң өзім...

Дайырбек Бекіштің машинасына бензин ауысты да, кейін қайтты. Біз Бекіштің машинасына ауыстық.

Шолақөзек ауданының орталығына қараңғысында келдік. Орталық дегендері – өзен бойын өрлей орналасқан елу-алпыс үйлі ауыл сияқты. Бірінің сырты сары балшықпен сыланған, бірі сыланбаған қара қыртыс балшық үйлер бар салмағымен жерге батып бара жатқан сияқты. Машина жарығы үй төбелерінде үрпіп өскен ермен мен жусанды жұлып-жұлып өтеді. Әр үйдің қасында жатқан қой-ешкінің көздері көгерे жарқырайды. Өзен толы ордалы көлбака болса керек. Солардың у-шуынан тұнгі ауыл бұлк-бұлк ететін сияқтанады.

Ауылдың орта тұсында екі ағаш үй – райком мен райисполком екені танылады. Осы екі үйдің арасында төрт-бес адам түр екен. Бекіш машинадан тез түсіп, солармен аз күнкілдесті де, бізге келіп:

– Кеттік... қонақ үй әзір екен... – деді. – Аудан болғалы әлі жылға толған жоқ. Өз үйлеріміз әзір онша жайлыш емес.

– Қонақ үйініз қайсы? – деп, шофер күнкі етіп қалды. Даусында дудемалы бар. Бекіштің тізесі шофердің тізесін қатты нұқып қалды. Біздің тізелеріміз де тұртісіп қалды. Бекіш оны бастырмалатып:

– Тарта бер, тарта бер... Қарағайдың ар жағындағы қонақ үй... – деді! Бір салт атты

жігіт алдымызға түсіп шоқыта жөнелді. Машина жарығы әр үйдің алдында ішдәрет алып отырған кемпір-шалдарды түгендей кетіп барады.

Ауыл иттері бізге ерекше “құрмет” көрсетіп, едөүір жерге шығарып салды. Жіңішке жол бір сайдың бойын азғана қуалап барып, қарсы жақтағы қабалқа көтеріле берді. Машина жарығы найза сабарындай тіп-тік тығыз есken құнбағысты сыдыра көрсетіп келеді. Сабактары соядай ұзын, қалпақтары жez туýмdedей ғана елестейді.

— Қарағай дегеніңіз мыналарың емес пе? — деді Бейімбет.

— Е, естіп келеді екенсіздер ғой!.. Осы екені рас еді... Ант үрганды қоп-қою қылып-ақ егіп едік... сорайды да кетті... Көрші аудандар бізді қарағай егіпті деп мазақтайтын болды. Енді өзіміз де соған үйреніп кеттік, — деді Бекіш. — Тегі, келер жылы пыржымайт қылатын шығармыз...

Конақ үй он метрдей ұзын коридорлы, есіктері коридорға шығатын екі бөлмелі, бір шоланды, тап-таза ағаш үй екен. Коридорда көк қағазбен жапқан ұзын стол... бауырсақ, май, қант, қызылт-сарылт мампасие... Жұқалап туралған бауыр, бауыр үстінде құйрық... Төр жақта қырық ру орындықтар, төменгі жақта тактай скамейкалар. Стол астында жәшіктер. Столды айнала қатарланған аудан басшылары... Бәрі де әйелдерімен

келіпті: күрең барқыт, көкшіл барқыт, қына сары барқыт, қызыл барқыт, қара барқыт. Семіз саусақтар, арық саусақтар... самауыр... Қыпша бел жас келіншектер.

— Ауданның орталығын осы қыранға көшіретін болып, әуелі қонақ үй салудан бастадық, — деді Бекіш. — Өздеріңіздей қонақ келгенде қысылып қалатын болдық та сөйттік... Қазір тіпті жақсы болды. Ал енді, қонақтардың денсаулығына деп алып жіберейік...

Сүргін қонақасы үзакқа созылды... Қол алыстық та қол жұыстық. Содан бері стол қасындамыз... Осы кеште айтылған тілектердің оннан бірі орындалса, бұл аудан келер жылы-ақ озықтардың озығы болмақ. Бейімбет Толстой болмақ, мен — Горький...

Біреу терезені қатты такылдатып түр, енді біреу сыртқы есікті зіркілдетеді. Манағы кезде сыртта зіркілдеген бірдеме бар еді, ол тоқтаған, шам сөнген. Үй-іші қап-қараңғы.

— Өліп қалдындар ма? Ашындар! — деді терезеден ашынған бір дауыс.

— Шырактарым, ашпасаңдар болмай қалды... ашындар! — деп, есіктең дауыс қылқылдан түр. Екеуі де мосқал адамның даусы. Терезе қакқан адамнан:

— Кім керек? Не керек? — деп сұрадым.

— Әлгі доғдыр қыз керек... Мына бір келін босанып қалайын деп отыр. Соны алып келдім.

— Бұл қонақ үй ғой, ақсақал. Эйелдер болсанатын үйді анау орталықтан ізденіз... — дедім.

— Шырағым, тәлкекті қой енді! Терезендең биенің бір сауымы қағып тұрмын. Қыздың өзін шақырышы бері, өзін!

Шалдың тілі удай екен... Үйқы ашылып кетті...

— Бұл не айтып тұр? Қайдағы қыз? — деп, Бейімбет өз бөлмесінен шығып, менің қасыма келді...

Есікті қағып тұрған адам:

— Шырактарым, мен күзетшімін... Есікті ашындаршы, түсіндірейін, — деді.

Мен есікті аштым. Күзетші ақсақ шал шоланды ашып, бірдеме алды да:

— Сірінке тұтатшы, шырағым, — деді.

Білтелі шамды тұтатып, ойран-ботқа болған ұзын столдың үтіне қойды да, күзетші бізге тұра қарап:

— Шырактарым, үят та болса айтайын, бұл қонақ үй емес, әйелдер босанатын үй еді... Сіздер келе жатыр деген соң, бос тұрған үйдің мұртын бұра салып едік, көрмейсің бе, құдай онымызды қостамапты, — деді.

— Құдай абырай бермейін дегенде өстеді ғой. Үш күн бос тұрып еді, бүтін мына бір қатынның толғағы келе қалғанын қайтерсің!..

Терезе қакқан шал да үйге сөйлей кіріп келеді...

Бір шалды бір шал әрен тоқтатып, шала-шарпы сеніскендей болдык.

— Е, мейілдерің... қызды мен қайтейін! — Ана толғағып келген қатынды түсіріп алындар! — деді де, шал шығып кетті.

Күзетші шалдың бір аяғында күпшектей ағаш... бір қолтығында балдақ...

— Мына бір кенеп тенге салып көтеріп өкеліндер. Менен қайран жоқ, — деп, күзетші бізге әлде-қайдан ағашқа керген кенеп көтерме тауып берді.

— Бірің арқасынан, бірің тақымынан көтеріндер! — деп әдеттенген ақылын айтты. Ағаш күпшектің темір өкшесі баспалдақты бір-екі нұқып қалды да тынды.

Әйел әрі аяншақ, әрі үялшақ екен. Арқасынан алсаң да ойбай салады, аяғынан алсаң да ойбай салады:

— Қолтығыма неге апарасың қолынды? — дейді.

Бейімбет екеуміз әрен дегенде әйелді көтеріп, мен жатқан бөлмеге өкелдік... Төсекке жатқыза алмадық. Көнбеді. Матрацты еденге төсеп, ақ жайманы жайып, байгүс әйелді жатқыздық-ау, әйтеуір.

Бейімбет екі шалға барып:

— Ал, доктор әйелді қайсың шақырарсындар екен? — деді.

Күзетші шал:

— Мен ауылға барып қайтқанша, таң атып, күн батады. Доғдыр қыздың қайда тұратынын да білмеймін, — деді.

Толғатқан әйелді өкелген шал жайдақ тараптасқа жеккен өгізін бұра беріп:

— Мен бұл орталықтың өздерінен басқа бір итін де білмеймін, — деді де кете барды. —

Әкелдім, тапсырдым. Райком алдында сендер жауапты!

— Жақынырақ жерде тұратын ешкім жоқ па? — дейді Бейімбет күзетші шалға.

Жоқ, шырағым... Нәнке қатын үш күнге босанып, бригадқа кетті...

— Онда енді доктор қыздарың келгенше, әйелдің қасында сіз бола тұрарсыз.

— Жоқ, шырағым... маңына жолаған жұмысым емес.

Екі жазушы, бір ақсақ шал далада журміз. Үйде ауыр толғатып әйел жатыр. Жазу-сызымызда: “Әйел – ана, бар құрметті анаға көрсетейік” – деп шын жүректен жазатынбыз. Енді сол ананың қасына бара алмай тұрмыз. Әйел: “Доғдыр, доғдыр!” – деп айғай салды. Даусы ышқынып шығады. Бейімбет маған, мен Бейімбетке қарап қалдық.

— Сен Горькийдің әңгімесін аударып едің ғой. Есінде бірдеме қалған шығар баршы! – деді Бейімбет.

Әйел тағы бір айғайлап қалғанда, мен жүгіріп қасына бардым. Әйел шалқасынан жатыр. Басы жастықтан түсіп кеткен. Үсті-басын жұлмалап, әлденені тістелеп жатқандай.

- Жақын ба? – дедім әйелге.
- Басымды көтерші.
- Би-ага, шамды бері әкел!
- Әкелме, керегі жоқ.
- Жақын ба?
- Мен қайдан білейін.

Шамды қалқалай үстап жақындаі берген Бейімбетке: – Жылы су әзірлетіп қоярсың, – дедім. Ол стол үстінде тұрган самаурынға қарады.

– Қазір...

Әйел аласұрады. Жұлынып жатыр. Мен әйелдің бас жағына келіп, арқамды қабырғаға тіреі, аша бұттанып отырдым да, әйелді өзіме қарай тартып, арқасын қеудеме сүйедім. Қолдарын үқалап, қеудесін сипап, бет-аузын сұрттім. Әйел менің шынашағымды тістеп алды, мен оны жақтан тартып жібердім. Бір әңгімесінде Горький сөйткен сиякты еді.

– Құдай, құдай, кімнің ғана қолына түсірдің? Абыройымды кімге ашқызайын деп тұрсын, құдай! Ал өйткенше, өзің ал!

Әйелге бір-екі рет жылы сөз айттым. Ақылды сөз менің аузыма да түсे қойған жоқ, ақылды алар әйелде де жай жоқ. Бұл бір әйел біткеннің еркектен безінер сәті. Әйел оны тұлімен айтып жеткізе алмайды. Үнімен, бар денесінің бұралып-үзіліп жатқан зарымен айтады екен.

Әйелді өзіме тарта түсіп, ішін аздап төмен қарай қысынқырай түсіп қоямын. Мен оған: – Жақын ба? – деймін. Ол маған: – Кет, жібер! – дейді. Бейімбет есікке жақындаап келіп – Болды ма? – деді. Құзетші шал әйелдің жанталасын естігісі келмей, алысқа кетіп бірдемені ыңылдалап отыр.

Әйел шыңғырып жіберді де, ышқынып қалды. Құшағымды керіп отырған әйелдің іші де босай берді.

— Бері кел, Бейімбет, кіндігін кес!..

Ақ жайманы жыртып жіберіп, баланың кіндігін байладык.

— Самаурында бір-ак кесе су қалыпты, — деді Бейімбет.

— Қымыз қалды ма екен?

— Бір шелек толып түр!

Горький жаңа туған баланы теніздің түзды сүнина шомылдырады ғой, біз қымызға шомылдырдық. Бала жаңа дүниеге келгенін сезініп, баж етіп қалды. Сол екі арада қалғып кетіп, сұлық жатқан ана:

— Ойбай, баланы өзіме беріңдерші! — деді.

— Баланды ешкім жемейді сенің! Әуелі өзің жуынып ал! — дедім. Манадан бері мен оны бір-екі рет үрсып алғамын. Бұл жолы да зекіп айттым. — Үсті басың тер... жуын-ып, тазаланып алмай, баланы емізуге болмайды!

— Манадан бері білмей жатсам, сіз доғдыр екенсіз ғой...

— Ие, доғдырмын.

— Жаңадан келгендің ғой?..

— Ие, кеше келдім.

Таң ала көлеңке, құлан иектеніп келеді. Бейімбет баланы орап-шымқап, көтеріп алып далада жүр. Бала бажылдаپ қояды. Мен үй тасасында әйелді шомылдырдым.

— Қымыз иісі келе ме, немене? — деді әйел. — Обал-ай...

— Үндеме, шомыла бер... Қымызды әдейі костым.

— Бригадта жүріп жалғыз көйлекпен келіп едім... — деді әйел сұртініп жатып.

— Үндеме, табылады.

— Мынауыңыз еркектің киімі ғой.

— Сөзді қой, киіп ал. Ереккек де жарайды, әйелге де жарайды! Пижама!

Орысша айтылған сөзге әйел қарсылық көрсете алмады. Киіне бастады. Енді әйелді Бейімбеттің төсегіне жатқызып, баласын қасына салып бердік.

— Атын кім қойсам екен? Доғдыр қойсам ба екен? — дейді әйел.

— Биага деп қой, — дедім мен.

Әрі би, әрі аға деген ат әйелге қатты ұнаса керек. “Айналайын, күнім, Биагам” — деп, баласын бауырына қыса түсіп жатып, әйел қалғып кетті. Бар бейнеті ұмытылған. Жадыраған жүзіне ана сұлулығы, ана бақыты шыға келіпті... Мұндай мейірімді сұлулық ана жүзіне ғана шыға алса керек... Жүзіне осындаидай мейірім шыға келгенде ғана ана сұлулығы танылса керек...

АСПАНДА БОЛҒАН ЖЕКПЕ-ЖЕК

Ақ сәлделі, ала киінген қара мұрт индус – Үндістан өүе қатынасының әмблемасы – он қолын қеудесіне басып қала берді де, біз, жолаушылар, самолетке міне бастадық.

Ағылшын самолеті аспанға тез кетеріліп, жоғарылап кетті. Делидің қойын-қолтығында лапылдан тұрған жалынды лебі де қара мұртпен бірге жерде қалды.

Су ете түскен тап-таза, мөп-мөлдір салқын ауа самолет ішіне көлеңкелеп ұстаган күтімді бөлменің реңін береді. Таңертенгі таза рең, жеңіл, салқын.

Бірінші салонның бірінші қатарында отырған жолаушылардың алдында жіңішке ғана стол. Стол үстінде терлеп тұрған шыны сауытта екі түрлі жеміс суы, резенке сағыз, қарындаш, қағаз, конверт. Жалпақтығы екі еліге толар-толмас әдемі коробкаларда екі-екіден салынған сигареталар. Қарсы алдындағы қабырғада қатар тізілген ағылшын тілінде шығатын журналдар.

Ағылшын самолеті біздің “ТУ-104” самолетімен салыстырғанда анағұрлым баяу үшады. Сонысына қарай зіркілдегі жок,

дірілдегі, шуы аз. Кейде ауа тазартатын кондишеннің қоңыржай ғана гүлі естіледі.

Мен Дели – Калькутта – Гонконг арқылы Жапонияға кетіп бара жатырмын. Жол шеті алыс. Ауысып мінетін самолеттер дәлме-дәл кездесіп отырса, Токиога дейін он сағат үшамын. Оның орайы келмесе, екі күн үшүым да мүмкін. Бұдан бұрынғы бір сапарымда Москвадан Токиога дейін 53 сағат үшқаным да бар.

Галстукты, пенжакты сыптырп тастап, үйдегідей орналаса бастадым. Жасыл дара көк коробкалы “Жамбылды”, ақ қайынды аланда билеп жүрген үш сұлудың суреті бар “Березка” оттығын стол үстіне тастай салып, аузымда сағыз, журналдардың бірін қолыма алдым. Қара танымайтын адамша суреттерін қарап отырмын. Реклама, реклама... Сабын, пудра, опа-далап, кока-кола...

Бір кезде көзім Мерилин Монроның суретіне айналактап қалды. Ол жақын арада ғана у ішіп өлген. Монро менің ойымша ұзак жарқырап тұруға тиісті жұлдыз еді. Қазір мені бірнеше сұраулар қамалап қалғанын сезіндім. Ол сұлулығымен көркемөнер жұлдызы атанды ма, әлде өзінің өнерімен сұлу атанды ма? Әлде осының екеуі де бойына бірдей біткен қасиеті ме екен? Газетшілер оның сұлулығының соңына түсті ме, артистігінің соңына түсті ме? Озбыр қоғам неге өшікті оған? Енді қазір өз қолынан өлтіргеніне сол қоғам

өкініп, мойында отыр ма, жок па? Әзір бұл сұраулардың біріне де жауап жок. Бір жарық жүлдyz жарқырап туды, тез сөнді, ұмытылды. Өзі туды, өзі сөнді... Айыпкер жок, өкіну жок. Күндеу айып емес. Соңына тусу айып емес. Бұл қоғамда ұмыту айып емес. Қош бол!

Бірінші қатарда екі-ақ жолаушы отыргамыз. Екеуміз екі шетте, арамызда адам жүретін жол бар. Қазір мен сол адамның маған тесіле қарап отырғанын сезіндім. Жапон ба, корейс пе дейтін болар. Мейлі қарай берсін. Мен әлі Монроның өлімін ойладап отырмын. Бүкіл бір елге байғустың сұлулығы сыймады ма, асқан шебер артистігі сыймады ма? Әлде буржуазиялық көркемендерде бұл екеуінен де жоғары бағаланатын қасиет табылған ба?

Көршім орысша тіл қатты. Сол жақ құлағы ту сыртынан күн сәулесі түсіп, қызғылт шыңылтырланып түр еken. Қозіміз бейжай кездесті. Орта жасты, бойшандау, ашандау адам. Аса ұқыпты қырынбаған, жирен мұрты тікірейінкіреп түр. Көк көзді, қарашығында сарғыш рең бар.

Жолаушы мен жолаушы халықаралық дәстүр іздемей-ақ тұра таныстық. Жерден жеті километр биіктікте сөйлесіп отыратын адам кездестіру жолаушы үшін үлкен қуаныш. Көршім менен ғорі тіс қаққандау болу керек, сөзді ол бастады:

— Кешіріңіз, құдай үшін, сіз Россиядансыз ба? — деді. Орысша сөйлегенінде мен біле бермейтін бір жұмсақ акцент бар.

— Ие, Советтер Одағынанмын, — дедім.

— Мүмкін, мен сізге мазаң көрініп қалармын... Бірақ “Джембуль” деген папиросының берін “Беръеска” деген оттығыңыз көнілімді аудара беріп отыр... Джембуль немене екенін білмеймін, ал “Беръеска!”... О, мен ол ансамбльді Парижда көргенмін. Атақты ансамбль ғой! Солай емес пе?.. Мен Парижда туып-өскен адаммын, тұрағым да сонда. Бірақ мен орыспын!..

Парижда туып-өскен адамның оттық тысынан көрген ақ қайың мен билеген қыздар арқылы әлдеқашан қол үзген Отанын еске алуы маған қатты ұнады. Мүмкін, жайнақ кеткен көздері ғана емес, іші де елжіреп кеткен шығар. “Мен орыспын!” дегенді шегелеп айтты ғой! Дүниеде тұл мен тұлдыр аз ба, соның бәрінің ішіндегі ең бақытсызы да, тұлы да Отансыз ұл емес пе?!

Мен оған папирос ұсындым. Қызыл бас шырпыны тұтатып, от ұсындым. Ол маған:

— Лұқсат етіңіз, мен... — деп, жанып түрған шырпыны европалық әдеппен менің қолынан алып, әуелі менің папиросымды тұтатып, сонынан өз папиросын тұтатты.

— Бізде жаппай зажигалка болып кетті..., — деп, аз кідірді де, — өте жақсы папирос екен... Кешіріңіз, Джембуль деген немене? — деп сұрады.

— Джембуль емес, Жамбыл деген қазактың бір атақты ақынының аты.

Жаңа танысқан орыс көршім ООН-ның Оңтүстік-шығыс Азия халықтарына жәрдем ететін экономикалық комиссияның қызметкері болып шықты. Индо-қытай аудандарын аралап қайтпак, ең қызығы:

— Мен Мартыновтың шөбересімін, — деді. — Бірақ фамилиям басқа...

Менің жүзіме таңдану белгісі шыға келген болу керек, ол соны түсіне қалып: — Ие, ие! Тап сол ойынызға түсе қалған Николай Мартынов! — деді.

Менің ойыма түсе қалған Мартынов болса, ол, міне, жүз жиырма жыл бойында ойлы адам баласының түгел қарғысын алып келе жатқан адам. Және ол менің ойыма ғана емес, көз алдыма да келді. Жалғыз да келген жок: Мартынов, Данте, Лермонтов, Пушкин... Данте, Мартынов, Пушкин, Лермонтов, Бенкендорф, Николай-І... Наталья, княжна Мэри, Грушницкий-Мартынов... Аспанға атылған оқ, тақап келіп қеудеден атылған оқ... Уақыт соты, сottалған уақыт, заман заны, зансыз заман... Көз алдым шұбартып кеткендей болды.

Көршім менің абыржып қалғанымды пайдаланып бастырмалатып кетті: — Ие, ие, сол! Николай Мартынов, Лермонтовты атпаған, өлтірмеген Мартынов! — деді.

Бұған дейін сыпайы сөйлесіп отырған көршім енді әр сөйлемнің аяғына таяқтай қылышп бір леп белгісін қоя — бастады.

— Сеніңіз маған! Отставной майор Николай Соломонович Мартынов ақын Лермонтовты атқан да емес, өлтірген де емес! Олар нымыс үшін атысқан. Сіз өзіңіз жазушы болған соң ұлы ақынды өлтірген жауызға лағынет айтып, жиіркенетін боларсыз. Оны мен де қарғаймын. Мартынов түкімі түгел қарғайды! Николай Мартыновтың қолы да, ары да таза екенін осыдан-ақ көруге болады емес пе?!

Әңгіме асқынуға айналды. Ақ сүйек офицер Мартыновтың шөбересі қараңғы қазак Мұсрептің шөбересін жекпе-жекке шақырып отыр! Қайда десенші, — аспандада!.. Бұл — бас тартуға болмайтын жекпе-жек.

Мен ішімнен: “Иә, алла! Иә, Ираклий Андронников!” — дедім де, сайысқа өзірлендім. Атысар жерде Лермонтовтың орнына Мұсрептің шөбересі, оның қарсы алдында Мартыновтың шөбересі тұрғандай сезіндім.

Манадан бері оның не айтып тастағанын аңдасаңыз, бірінші кезекті ол әкеткенін көресіз. Лермонтов сияқты ұлы ақынды өлтірген жауыздың бетіне басылған қара таңба түкым қуалап кететіні даусыз. Сондықтан Мартынов әuletінің жүз жиырма жылдан астам түкым қуалай ойланып, қорғандап тастаған бекінісі берік болу керек. Ол бет алыстан қайтпауға тиісті. Оның қайтпас беті айқындалып та қалды:

— Лермонтовты Мартынов өлтірген жок!

Мен болсам, тар қыспакта осындай әңгімеге кездесіп қалармын деп ойламаған адаммын. Сондықтан есте барды тез жинап, үштаңқырап алдым. Әліппеден кейін менің қолыма түскен бірінші орысша кітап Лермонтовтың бір томдығы болатын. Оны маған ауылдық орысша мектептің бірінші класында оқып жүргенімде, халық ағарту инспекторы сыйлаған. Жарым-жарты, шалағайшарпы түсініп жүріп, сол кезде жаттап алған бірталай өлендер әлі есімде. Әрі ақын, әрі шебер педагог Бекет Өттетілеуов арқылы Лермонтов поэзиясын мен ертерек сүйіп едім.

Оның үстіне, 1941 жылы, ақынның қайтыс болғанына жүз жыл толар қарсаңында қазақша басылғалы жатқан өлендеріне мен алғы сөз жазғамын. Әрине, ақынның өліміне не себепкер, кім айыпкер екенін өрем жеткен жерге дейін қазбалаған болуым керек. Лермонтов өмірін зерттеушілердің ішінде мен Андронниковты ерекше жоғары қоямын. Сондықтан мен оны алламен қатар еске алдым...

Сонымен айқас басталып кетті. Бірінші салонда бізге секундант болатын князь Васильчиков та жок, офицер Глебов та жок: айналасы төрт-бес адам европалықтар, орысша білетіндері байқалмайды.

— Жүз жиyrма жыл бойы зерттеліп келе жатқан материалға Караганда сіздің ұлы ата-

ңыз Николай Мартыновты әқтап аларлық дәлел кездестірген емеспін, – дедім мен.

Екі пікірдің қарама-қарсы келгені сияқты өзіміз де бірімізге біріміз қадала қарасып қалдық.

– Дегенмен бұл сіздің ақтық пікіріңіз болмасқа керек... – деп, ол құлген болады.

– Біздің дауымыздың бір ерекшелігі – екі жағымыз да ақтық ойымызды алға сала сөйлестік қой, – деп, мен қулген болым.

– Париж сигаретін рақым стіңіз.

– Рақмет, тағы да “Жамбылды” рақым етіңіз...

– Лермонтов қазақ мектептерінде оқылады екен-ау, сірә...

– Оқылады. Аударылады.

– Солай деңіз!..

– Пушкин мен Лермонтов қазақ тілінде аударыла бастағанына сексен жылдан асып барады.

Осылай іліп-тартпа ұсақ қақтығыс арқылы шама-шарқымызды байқасып алдық. Шабуыл қарқыны, тойтарыс серпіні, дәлел-айғақ, қызулық, сабырлық дегендерді салмақтасып отырмыз.

Шетелдерге сінісіп кеткен орыс адамда-рында біздің елде болып жатқан ұлы өзгерістерден түк хабары жоқтары кездеседі. Капиталистік елдердің газет-журналдарынан нені оқыса, соған сеніп, көр тышқан тіршілігінің құлы болып қала берген. “Қазақ жаманы

орыс бола алмайды” деген сияқты, бұлар европеец бола алмаған. Өнер қуып, білім іздейп кеткендері өз алдына, ал мынау сияқтылардың өресі онша биік бола бермейді.

Көршім ойлаған жерден шықты. Шап беріп ата-бабаларының аруағына жармасы:

— Сіз енді біле бермессіз... Кезінде орыстың жоғары дәрежедегі офицерлері Мартыновты құлан-таза ақтап алған болатын. Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілегіп қалғанда, оның күнәсyzдығын дәлелдеп, еріксіз босаттырган. Бұған айтар қарсылығыңыз болмасқа керек. Сол кезде біздің ұлы әжемізге жазған хаттар сактаулы. Бәрі де Николай Мартыновтың Лермонтовты өлтірмегенін дәлелдейді. Әлдеқашан топыраққа айналған әжемізben айтыспассыз. Ол кісі баласының колы тазалығына шубә келтірмеген. Әлі де таласасыз ба?..

— Меніңше, бұл дәлелінізді екіге бөліп тексерген дұрыс болар... Князь Васильчиков бастаған бір топ офицерлер Мартыновты ақтағанына дауым жок. Бірақ бұл топ Лермонтовтың өліміне ортақ емес пе? Сол кездегі Россияның озық ойлы адамдарының бірde-бірі Мартыновты ақтады ма? Ақтаған жок, бәрі қаралады. Екінші, ұлы әженізді қуәға тартсаныз, ол кісі Лермонтовты жек көргені мәлім. Қыздары Лермонтовты қандай жақсы көрсе, әженіз сондай жек көрген. Мен бұл жайдың ішкі астарын тексерген адам

емеспін, бірақ Васильчиков тобы да, сіздің ұлы әженіз де әділ куәлік ете алмайтыны айқын. Ұлы әженіз емес, ұлы әженіздің қыздарының куәлігін келтіре алсаңыз, менің токталып қалуым оңайырақ болар еді.

Ұлы әжесі мен оның қыздары әңгімемізге кеңірек тартылып кете ме деп қауіптенгендей, көршім сөздің бетін басқа жаққа бұра бастады. Бірақ мен Мартыновтың қарында-сы княжна Мэри мен Грушницкий бейнесіне берілген Мартыновтың өзінің арасындағы үятты жанжалға соғайын деген ойым жоқты.

— Одан соң, — деді Мартыновтың шөбересі, — сіз білмесеніз мен айтайын, Лермонтовты ағаш арасына тығылып тұрган бір казак-орыс атқан ғой! Оны білмейтін бе едіңіз?

— Жоқ, білемін ол ертегіні. Жақындағана сот және медицинаның беделді адамдарынан құрылған экспертиза ол ертегіні түгел өтірікке шығарды. Сіз оны естімелеп пе едіңіз?

Даугерімінің бір ерекшелігі — берілген жауапқа да, сұраққа да дұрыс-бұрыс деп тұрактамайды. Макулдамайды да, дауласпайды да. Тез сырғып, екінші бірдемеге көшеді. Мен оны Раевский мен Андronниковқа қарай жетелегім келеді, ол аяғын бір басар емес. Лермонтов пен Мартыновтың тұстастары Булгаков пей Елагинге қарай тартып көріп едім, ол екеуінің аттары аталғанда көршімнің тілі байланып қалды. Екі қолын бірдей ербендетіп атамаңыз оларды! — деді.

- Жақсы, атамайық.
 Көршім содан кейін аз күлімдеп:
- Мүмкін, сіздерге Лермонтов пен Мартыновтың арасында тіпті жекпе-жек болмаған шығар? Мартынов ақынды андып журіп бір тасадан атып тастаған болар? — деді.
 - Жоқ, жекпе-жек болған.
 - Екі аралықта алты адым жер өлшенген бе?
 - Өлшенген.
 - Екеуінің қолына да бір калибрлі алты атар берілген бе?
 - Берілген.
 - Екі жағының да секунданттары болған ба?
 - Болған.
 - Лермонтовтың осы жекпе-жекте өлгеніне дауласпайсыз ғой?
 - Дауласпаймын. Бірақ...
 - Бірақ дедіңіз, дауласатын болдыңыз! — деп, көршім тағы да күлімсіреді.
 - Әңгіме дауда емес, шындықты ашуда ғой Лермонтов оғын аспанға атқаны мәлім.
 - Аспанға атты ма, тигізе алмады ма?
 Оны кім білсін...
 - Жақсы. Солай-ақ болсын. Бірақ сіздің атанаңыз тақап келіп кеудеден атқан ғой! Тақап келіп атпаса, оқ кеудені тесіп өтіп ту сыртынан қалай шығады! Ұлы ақынды Мартыновтың өлтіргеніне бұдан артық дәлел болмасқа керек.

— Мұны ешкім дәлелдей алмайды. Секунданттар Васильчиков пен Глебов — олай демеген. Олардан басқа көрген ешкім жок!

— Доктор Барклай де Толлидың куәлігін қайтесіз? Медициналық куәлік шүбәлануға орын қалдырмаса керек қой!

— Кавказ корпусының штабы тексеріп келіп, поручик Лермонтов жекпе-жекте қаза тапты деп хабарлаған. Бұған сіз де шүбәланбауының керек болар!

— Біріншіден, корпус штабы бұл хабарды едәуір кешігіп жариялағаны мәлім. Екінші, ол хабар медициналық куәлік емес қой.

Осымен біздің жекпе-жек дағдарысқа ұшырауға айналды. Женіс те, жеңіліс те жок. Мүмкін екінің бірі болар еді, мойындау жок. Көршім бір кезде айтыс-тартысқа қолдануға тыйым салынған әдісті қолданып қалды;

— Сіз орыс емессіз, — деді.

— Ие, орыс емес, қазақпын.

— Сондықтан ол замандағы жекпе-жектің егжей-тегжейін біле бермеуіңіз мүмкін. Мартынов пен Лермонтов — бірге оқыған, бір заманың адамдары. Ар-намыс дегендеге өз көзқарастары бар адамдар... Сіз бен біз олардың бірде-бірін актап, қаралауға бармауымыз керек.

— Ие, мен орыс емес, қазақпын. Бірак Лермонтов айналасындағы әңгімелерге таныстығым бар адаммын. Екінші, актап-қаралау сіз бен біздің жеке еншіміз болмағаны-

мен, ғылымның, қоғамның еншісі. Ал Лермонтов жайындағы ғылым тексерістері бұл мәселе жөнінде қалтарыс қалдырған жок. XIX ғасырдағы орыс халқының екі ұлы ақындарының бірін – Данtes, біреуін Мартынов өлтіргені даусыз деп білемін.

Тап осы арада біздің әңгімемізді айнадай жалтылдаған “күміс арбамен” келе жатқан түскі тамақ бұзып кетті. Лермонтов жырлаған пері қызындаи, құмырска бел, бота көз индия қызы “күміс арбаны” дыбыссыз қозғап келеді. Алтын сандалет жалаң аяқтың үсті дөңкес, белтірлігі үзіліп тұрганын қайтерсің...

– О, тамақтан кейін әңгімемізді жалғастырармыз, – деп, көршім өз орнына кетті.

Сендвич, банан, кестелеп турағандай лимон, апельсин, бұғып жатқан бөденедей ғана тауық еті... Тағы бірдеме, тағы бірдеме...

Жаңағы әңгімeden кейін осынша тәтті тамақтардың бірде-бірі маған дәмді көрінбеді. Ауызға салдым, жұттым, ұмыттым... Мартыновтың шөбересі де көзі терезеде, енжар шайнап отыр.

Тамақтан кейін әңгімеміз қайта басталды. Бұл жолы біразға дейін мұңайысты сыры бар әңгімелермен отырдық.

– Мартынов әuletінің ақын Лермонтовты қандай жақсы көретінін айтсам тыңдар ма едініз? – деді көршім.

– Неге тыңдамайын. Айтыңыз.

– Айтсам, біздің Париждағы пәтерімізде, орыс әдетінше ең құрметті жерде, шыны

қалпактың астында Лермонтовтың бір томдығы сақтаулы жатыр. Оны Лермонтов қолын қойып, сол Николай Соломонович Мартыновқа өзі сыйлаған. Ол том – біздің әuletіміз үшін ең қасиетті, шаң жұқтырмай үстайтын реликвия!.. Бұған не айтасыз?

– Алдымен, қалтқысыз сенетінімді айтамын.

– Егер Николай Мартынов Лермонтовпен қастасып өткен болса, оның кітабы сонша қасиетtelіп сақталар ма еді?

– Бұл айтқандарыңызға шексіз сене отырып, мен өз жорамалымды айтсам, өкпелемес пе екенсіз?

– Өкпелер сөздерінізді әлі түгел айтып болмасаңыз, айта беріңіз...

– Лермонтовтың еңбегін қасиеттеп үстайтындарыңызға әрі сенемін, әрі ізгі дәстүр деп бағалаймын. Сонымен бірге бұл ізгілік біздің таласымызға еш нәрсе қоса алмайды. Неге дейсіз ғой? Адам мінезіне аз ғана ой жүгіртсөніз, Лермонтовтың өлімінен кейін Мартынов оның кітабын қасиеттей алуы мүмкін бе? Жоқ! Лермонтовтың кітабын қасиетті реликвияға айналдыру оның қарындастарының ісі дер едім. Және ақын өлімінің ыстық-суығы басылғаннан кейін...

Жұрт алдында Мартыновтың атақты ақынмен қастас болмағанын, қала берді, оны өлтірмегенін дәлелдеу үшін де мұндан “ізгіліктін” орны бар ғой. Бірақ мен оны айта алмадым.

Қарындастар ауызға алынса-ақ көршім бұл жағына жоламайды. Сондықтан әңгімеміз тағы да тоқырай бастап еді, көршім тағы бір таңданарлық жаңалық айтты:

— Былтыр мен Женевада Дантестың шебересіне кездестім, — деді.

— Дантестың?

— Ие, Дантестың! Бұ да ұлы атасына тартқан, қыланы-сыланы, өмірінің үштен екісі айна алдында өтетін деңди екен... Ол үшін орыстың ұлы ақынын өлтіргендік үрім-бұтағына кететін мақтаныш сияқты. Әлгі бір камер-юнкер Пушкинді өлтірген Дантестың шебересімін деп танысты. Жалғыз мақтаныш етерлігі — оны кейін орыстар ұлы ақынымыз еді деп тауыпты дегенді қости...

Мана менің көз алдыма бір келіп кеткен бейнелер қайта келіп қатарлана қалды. Пушкин — Данте, Лермонтов — Мартынов, Бенкендорф, Николай-І... Екі ұлы ақынды өлтірген екі қанішердің екі шебересі қалай кездесіп қалған! Дантестың шебересі Мартыновтың шебересін әдейі іздеп жүріп кездестірсе, оның да орайы бар ғой. Мен бұл әңгімеге қалтқысыз иланым.

— Женевада... Үлкен ресторанда... Мен отырған столға келіп танысты... Қаным қайнап кетті... Тұрдым да жүре бердім, — деді көршім.

Бұ да жай қыстырылмаған әңгіме сияқты. Лермонтовтың өлімінен “қолы таза”

Мартыновтың шөбересі Пушкинді өлтірген залымның шөбересімен танысқысы келмей, тұрып жүре берген!..

— Дантеспен сіздің ұлы атаңыз Мартынов бір полкта бірге болған фой? — дедім. Қай полкта екені есімде жоқ екен, оны айта алмадым.

Бұл сұраудың ар жағында тағы бір ілгешегі бар ма деп қалған көршім: — Ол жағын білген емеспін, — деп сөзді дөғарды.

Осымен әңгімелім де аяқталды. Женғен, жеңілген ешкім жоқ, әркім өз ойында қарысып қалды. Жалғыз таң қаларлық нәрсе — Мартынов әулеті төрт атаға келгенше, жалған бағыттан бетін аудармаған. Қайта, заман өткен сайын өндеп, толықтыра берген. Бұл не, әулет намысы ма, ақ сүйектер дәстүрі ме? Қалайда бұл кінәратсыз анайылық емес, әрине. Өшпес, ұмытылmas кек тап сандығының түбінде жата береді. Қара қылмыс таңбасы Мартынов үрім-бұтағынан осы күнге дейін өшпей қала беріпті.

Гонконгтың аэропортында Мартыновтың шөбересі тұсуге жиналды. Мұндай көршімен айрылысқаныма мен де өкінген жоқтын.

— Бір коробка “Берьеска” оттығын сыйлар ма екенсіз? Шын-ақ орыс табиғатында билеп жүрген орыс қыздары Отан сағынышын оятты білем... — деді ол қоштасып жатып.

Мен оған екі коробка оттық бердім. Ол маган Парижда француз тіліне аударылып

шыққан “Қазақ солдатын” жіберуге уәде етті. Кітапты жаяу почта арқылы жіберген бе қалай, мен әлі күнге алғаным жоқ.

Әңгіме осымен аяқталса да болар еді, амал қайсы, жалғасы бар болып шықты. Ол жалғас осы әңгімені қағазға түсірерде туды.

Жапонияда мен іркіс-тіркіс, қыыр-шиыр оқиғаларға араласып кеттім. Қонақжай жапон жазушыларымен, ғалымдарымен кеңірек таныстым. Елін араладым, Сөйтіп жүргенде әлгі Мартынов шөбересінің аты-жөні біржола есімнен шығып кетіпті. Онымен кездескенде бар әңгімеліз Мартынов жайында болғандықтан, оның өз фамилиясы ауызға да алынбаған. Танысқандаған бір рет атағаны есімде.

Әңгімені жазудан үміт үзген кезімде, есіме Ираклий Андронников түсті. Менің жерден жеті километр биік аспанда кіммен сөйлескенімді, кіммен дауласқанымды, әрине Ираклий білуге тиісті! Мартынов тұкымында ол білмейтін бір жан болмасқа керек!

Отыра қалып хат жаздым... Солай да со-лай болды, қадірлі Ираклий Луарсабович... Аспанда ұшып жүріп кіммен кездескенімді үмытып қалдым. Сіз білмесеніз, алланың өзінен де үміт күте алмаймын... Мартыновтың шөбересі болғанымен фамилиясы шеше жағынікі екен. Тишко ме екен, Шитко ме екен... Әйтеуір, бір ысылдаған әріптен басталып дөңгелек о-мен аяқталса керек еді.

Әлде дөңгелек о-дан басталып ысылдақ әріптердің бірімен аяқтала ма екен?.. Тегі, Мартынов Киевте үйленіп, мол бір байлыққа мұрагер болыпты дегенді білуші едім. Осыдан басқа бір түйір қосарым жок... Сол шеберенің аты-жөнін тауып беріңіз...

Ираклий Луарсабович – аса ұқыпты ғалым. Көңіл жықлайтын жолдас. Ол маған тармақ-тармақ, сала-саласымен Мартынов әuletін түгел біліп беріпті. Шыңғысханның, не болмаса Темірланның әuletінің шежіресі ме дерсің! Қайсысы қашан туған, қайда өлген, одан қалған кім бар, қыздары кімге қүйеуге шыққан, түп-түгел...

Сонымен, кездескен адамыңыз кім болып шықты дейсіз ғой? Мен оны қазір де айта алмаймын. Әйтеуір, Тишко да болған жок, Шитко да болған жок, басқа...

- Енді кім? – дейсіз ғой.
- Білмеймін.

Андронниковтан келген жауапты мен әрбір ұқыпты адамның әдетінше, сенімді бір жерге тығып едім... Чернышевский томдарына тықтым ба, Герценнің томдарына тықтым ба, есімде жок, әйтеуір, бір сенімді адамға аманат еткенім есімде... Айналамызда кітап оқымайтын бір жан жок. Олардың өзі ондап саналады. Солардан жасырып едім. Қазір біржола табылмай қойды.

Бала-шағаны тасқаяқтай қағыстырып, талай қыстым. Ешкім көрмеген. Аманат ет-

кен сенімді адамдарым да үн шығармайды. Кіммен керіссем де, айыпты өзім болып шығамын. Ираклий Андронниковқа тағы бір хат жазуды ыңғайсыз көремін. Бір жолық-қанда аңдатпай ғана, елеусіз сұрай қойсам, менің ұмытып қалғанымды біліп, жымияр да, айтып·берер деп сенем...

— Табылды, табылды!

Осы әңгімені орысшаға аударып жүрген жазушы Алексей Беляниновтан бүгін ғана телеграмма алдым. Ол Андронниковпен кездесіпті. Мартынов шөбересінің фамилиясы Квитко еken...

— Квитко!

ҚАСҚЫРДЫ АТҚАН ҚАЙСЫСЫ

Аңшылар үшеу едік. Біреуі – министр, біреуі – ғалым, үшіншісі мен – жазушымын. Арқамызда тотыдай құлпырған қызылдыжасылды бір-бір байлам қырғауыл. Әрен көтеріп келеміз. Ылғи еркегі – атасы, әкесі, баласы... Әжесіне де, шешесіне де, қызына да тигеніміз жок. Атпадық.

Аңшылық құмары әбден тарқады. Көп аттық. Биылдыққа бір аңшы келмеген соныға кездестік те, аңшысы келіссе екі жыл жыр болатын қырғауыл аттық. Қырғауыл

қырынан да құлады, шалқасынан да құлады, тәйкесінен де құлады. Шаншылып құлап келе жатқан бойы қоржынға өзі де кіріп кетті...

Іленің төменгі жағында осындай бір соны қорық барын естіп құмартып келгеміз. Шын еken. Өзеннің ортасында қалған үш арал. Екеуіне былтырдан бері адам аяғы тимеген, тұнып тұр. Қалың қара ағаш, шытырман жиде мен жаңғыл. Белуардан келетін қорық көк өлең. Үшінші арал үйір-үйір жыңғыл, шеңгел еken, аппақ құм қырқаланып жатыр. Дәл ортасында жалғыз өскен жуан тораңғы көрінеді.

Таңертеңгі бір шарлауда сонша көп қырғауыл атып, енді демалуға біз сол үшінші аралға келе жатырмыз. Шын аңшы аң көп кездескен жерден алыстал кетіп демалу керек. Біз де соны істеп, қырғауылы көп екі аралдан қашықтап барамыз.

Август айының аяқ шені болса да, күн әлі ыстық. Су да жылы. Үшінші аралға ауысу үшін қырға шықпай-ақ су кешіп келеміз. Үшеуміз де орта бойлының о жақ бү жағында болсак керек, арқадағы қырғауылдың қызылды-жасылды құлпырған құйрықтары суға жүзіп келеді.

Аңшылық алабұртуы басылған соң, артығырақ кеткеніміз де еске түсе бастады. Алынған лұқсат бойынша, үш аңшы үш-үштен тоғыз қырғауыл атпақ едік, қазір то-

ғыз-тоғыздан асырып жіберсек керек. Осы бір түйткіл еске түсіп үшеуіміз де үнсіз келеміз.

Министр бәрімізден бұрын қырағылық көрсетіп:

— Асыра сілтеп жібермедік пе? Ұсталып қалсақ, үят болып жүрмес пе екен? — деді, бізге бұрылып.

— Тұнде қайтамыз ғой, ұстала қоймас-пыз... — деді ғалым.

Мен үндемедім. Арқадағы қырғауыл салмағы ауырлай түскендей болды.

Үшінші аралға келіп орналасқаннан кейін, аңшылық қалпынызға қайта оралыппыз. Әркім өз аткан қырғауылын қоюырақ көлеңкеге тығып жатыр. Ғалым өз қырғауылда-рын бір құмның етегін қазып жіберіп, сызды салқынға көмді. Жуан жалғыз торанғы үй орнындаі дөңгелене біткен қалың жын-ғылдың дәл ортасына өскен екен, айналасына қою көлеңке түсіп тұр.

Шын аңшылар орынды-орынсыз от жағып, тұтін бүркүратпаулары керек. Біз де алдымызызға термостарымызды әкеліп қойдық. Шын аңшылар мырза келеді, біз де сумка біткенді, дорба біткенді ортаға қойдық. Ақ мойнақтар, қызыл мойнақтар қылтия бастады. Шын аңшылар дабырлап сөйлес-пейді, біз де акырын ғана күбірлесіп отырмыз. Шын аңшылар үнемі сақ отырады, біз де қолымызда кесе, көзіміз айналада, қулағымыз әр дыбысқа елең етіп қалып отыр.

— Ойбай, елік! — деп, ғалым газет дастарқанның үстіне бұға қалды. Мойны оқыс бұрылып, көздері “елік!” деген жағына қадалып қалыпты. Тырнақтының көзі, тістінің көзі, аңшының көзі!.. Кесесі қисайып, қара кошқыл конъяк төгіліп жатыр.

— Елік емес, қара қүйрық! — деп, министр де бұға қалды. Оның кесесі де жантая құлап, оның конъяғы да төгіліп жатыр.

Мен еш нәрсені көрмей-ақ бұқтым. Менің конъяғім де төгіліп жатыр... Министр де жок, ғалым да жоқ, жазушы да жоқ, аңшылар қалыптыз...

Жыңғыл шыршасының азғана селдіреген жерінен жел жағымыздағы суға жақындал келіп тоқтаған үш қара қүйрық көрінеді. Екі лағын ертіп келген ана киік елең қағып, елгезек тұр. Қауіп барын сезінгендей селк етіп қалады. Екі лағында табиғи сергектік, ата жөнелуге әзір тұргандық бар. Сонымен бірге анасына сенген балалық, балаға лайық ойнақылық бар.

Екі лақтың бірі суға тізесінен ғана түсіп, суды бір ұрттады да басын көтеріп, тамсаңып айналасына қарады. Тағының сақтығын, лақтың сақтығын істеп тұр. Лак байқұс басын суға қайта еңкейте бергенде, бір бүйірінен арс етіп қалып, суға атылып түскен көкжал арлан қасқырды көрдік. Ана киік қасындағы лағымен бірге жалт бұрылып орғып-қарғып қыр асып кетті. Суда — қалған

лақ аз-ақ бас салмаған қасқырдан ыршып, біздің аралға қашып келеді. Оргып-атқылап, секіріп ыршып, үшып келеді. Суға лақтан гөрі салмақтырақ батып, қасқыр да қалмай келеді. Біздің екі жігіт мылтықтарын қолда-рына алды.

— Қасқырды, қасқырды! — десіп, ысыл-дасып қалдық.

Лақ қашып, қасқыр қуып келе жатқан су Іле өзенінің өзі емес, үш аралды күн шығыс жағынан орап кеткен жіңішке жармасы ғана. Терен де емес, ені де елу метрдей ғана. Бай-ғұс лақ бір секіргенде екі метрдей кетеді де, қасқыр одан шалымды емес, ауырлау мал-тығып келеді.

Қоян көжегіндей сүрғылт лақ құм аралға қалжырап шықты. Көкжал арлан бес метр-дей кейін шықса да болдырмапты. Қайрақ құмға тырнағы іліккен соң-ақ лақпен арасы жақындаій берді.

Тағы баласы қарауытқанға жақындармай, біздің он жағымызыдағы құм бүйреттың қыр-қасымен қашып келеді. Арлан қасқыр аузын арандай ашып алған. Қенірдек түбінен шық-қан ызалы ырыл естіле бастады. Қашқан лақ, күған қасқыр дәл біздің тұсымызыға келгенде аралары үш метрдей-ақ еді. Көздері шұбар-тып кеткен көк тажал бар ызасымен енді бір арс етіп қалса, корқақ лақ үшып түскендей. Екі мылтық жалғаса гұрс етіп қалды. Мен селк ете тұстім. Қорыққаннан емес екен...

Лақ байғұс өз екпінімен донғаланып ба-
рып, түмсығынан шаншила құмға құлап
түсті. Бар қамқорлығымыз – азаптамай, тез
өлтіргенімізде болат та... Қасқыр жалт бұры-
лып, атжал құмның тасасына түсіп кетті. Жоқ
болды.

Аңшылар бірімізге-біріміз қарадық та,
ұндеспей қалдық.

– Қасқырды, қасқырды! – деп, ысылда-
сып қалғанымыз қайда?

Термос қақпағы ашылған жоқ. Әркім үнсіз
орнынан тұрып, өз бүйымдарын жинай бас-
тады.

Сол бетімізben машинамызға қайттық.
Тұнық қара көздері әлі мөлдіреп, мейірім ті-
лелеп жатқан өлі лақты ешкім алған жоқ.

Содан бері сол аңшы достарыммен кез-
дескен емеспін...

ТИМКА-ДИМКА

Мен Ұлы Отан соғысы басталған күннен
бері бір ғана моншага барып жүремін. Оның
қарандылауына да, кірлеуіне де, кейде са-
ғаттаң күттіретін кезегіне де бойым үйреніп
кетіпті. Басқа моншалардан маған мұның
ыстығы да ыстық сезіледі.

– Сүпірға бар ма? – деймін үйғыр шалы-
на.

Ол маған: – Бағ! – дейді. Шынында “бар” да демейді, “бағ” да демейді, мен естіп-білмеген бір дауысты дыбысқа апарып соғады.

– Веник есть? – деймін орыс шалына.

– Ол маған: – Есть! – дейді.

– Сыпартқы бар ма! – деймін едәуір жасқа келіп қалған мосқал қазакқа.

Ол үндемей ғана сыпартқы әкеліп береді.

Билет он бес тын, сыпартқы он тын. Моншада осыдан басқа не бар сөз боларлық? Мен осы сөз аздыққа үйреніп кеткенім сонша, басқа моншаларға барғым келмейді.

Тим... Тимоша... Ким... Симка... Дим... Димка... осының бәрі бір-ақ адамның аты. Оның шын атын ешкім білмейді. Мен өзім сұраған емеспін. Бұл – тыриған арық, денсаулығы қыл үстінде оқымаған, жұмыскер адам. Жаңағы үндемей ғана сыпартқы әкеліп береді дегенім осы кісі.

– Оден! – дейді ол моншаның ішкі есігін ашып, алдыңғы залда кезек күткен адамдарға. Бұл оның бір адам кірсін дегені.

– Назат! – дейді, біреудің орнына екі адам кіріп бара жатса. – Назат!

Кезегінмен кірсөң, билетінді алады, орныңды көрсетеді, сыпартқы сұрасаң, – береді. Сырт айналып жүре береді.

Оден!

Бұл – тоя жеп көрмеген, қызыға киініп көрмеген, жасынан-ақ өнімсіз еңбектен аса алмаған сорлы адам. Өзі де “оден”, көптің бірі емес, жалғыздардың бірі.

Бір күні ол маған жақынырақ келіп:

— Ағай, он сом ақшаңыз бар ма! Керек еді, - деді ыржып.

Ширек ғасыр ішінде маған тіл қатқаны да осы, ширек ғасыр ішінде менің бетіме тұра қараганы да осы.

Мен барымды бердім. Алды. Алғыс айтқан жоқ...

Содан кейін талай рет кезекте тұрып моншага түсіп жүрмін. Кезек тым үзак болғанда кезексіз өткізер ме еken деп Тима-Димка-Симқаға талай жалтақтадым. Бірақ оның көзі маған бір түскен емес. Кезегімен өткізеді, билетімді алады, сыпыртқы сұрасам, — береді, он тиыннын алады, сырт айналып кете береді.

Екеуміздің арамызда әдетке айналған амандасу да жоқ, таныстық та жоқ. Аты-жон сұрасу да жоқ. Ширек ғасыр бойында баяғы бейтаныс қалпымызда келе жатырмыз.

Бір күні тағы да сол моншада өзіміздің сүбелі жазушыларымыздың бірі кездесіп қалды. Ол менің арқамды біраз сабалап берді, мен оның арқасын сабалап бердім. Ол менің арқамды ысқылап берді, мен оның арқасын қызылшақа қылып бердім. Енді екеуміз жайласып отырып алып қаланың жаяу өсегіне көше бергенімізде Тимканың “Назат” деген қатты айғайы естілді. Шешінетін жерге өтіп кеткен біреуді шегіндіріп жур. — Назат! Назат!

Осыған үштасып біздің әңгімеміз де Тимқаға көшті. Менің сыйбайласым Тимканың

біраз – қызық мінездеріне кездескен еken. Бір жолы Тимкадан сыпыртқы алғанда бес тын, екі үш тындық берген еken, Тимка бір тынының қайырып беріпті... Мен жолдасыма өз басымнан кешкен жоғарыдағы әңгімені айттым. Кінәсyz-кіnәратсыз күлісіп алдык.

Күлкі әяқтала бергенде, сыйбайласым маған шүғыл бұрылып:

- Сен бұл әңгімені маған неге айтып отырсың? Әлде менің де қарыз сұрағым келіп отырғанын сезіне қалдың ба? – деді.
- Жоқ, сен қарыз сұраушы ма едің? Отыз баспа табақ кітабың баспада жатқан жоқ па?
- Бес ай кешігіп шығайын деп тұр.
- Пожалуйста, қанша керек еді?
- Екі жұз.
- Болады. Ертең соға кет!
- Бірақ мен мына моншашиға үсап жүз таныстықтан ажырасып кетеді еken деп қорықпа... Кітабым шыққан күні әкеліп беремін.
- Болады.

Осыдан біраз күннен кейін мен ұзағырак жолаушылап кеттім. Қайтып келісімен қаланың сыртында тұрдым да, төрт-бес ай моншаға бара алғаным жоқ.

Күзге қарай қалаға қайтқан соң моншаға келіп едім, үйғыр шалы мен орыс шалы мені күлісіп қарсы алды. Тимошка жоқ еken.

- Ие, жайшылық па?
- Сұрамаңыз, қызығы бар...
- Не қызық?

-
- Тимка осы айдың басында демалысқа шыққан... хи-хи-хи.
 - Содан бері күнде келіп моншаға түсетін болды... ха-ха-ха...
 - Эдette сіз моншаға келетін сенбі, дүйсенбі күндері таңертең келіп, түнге дейін моншадан шықпайтын болды. Ха-ха-ха...
 - Неге?
 - Сізге кездесем, — дейді.
 - Сізге айтатын сөзім бар дейді... Ха-ха-ха... — Бұлардың ойында Тимканың біреумен сойлесем дегені бір таң қаларлық іс болса керек.
 - Бұгін дүйсенбі ғой, келеді, қазір...

Шалдар күлкіден аузын жиганша болған жоқ, екі аяғын кезек-кезек сүйреп басып Тимка келді. Шалдар күлкіден тез тыйылып, теріс айналып кетті. Тимканың менімен не сойлесетінін сыртынан бақыламақшы.

Тимка менімен бұл жолы да амандақсан жоқ. Жақындал келіп шалбарының ышқырына үш саусағын тықты да, орап-бүктеп, насыбай шақшаның тығыныңдай нығарлаап тастаған бірдемені менің алақанымға қыстыра салды. Ып-ыстық екен... Мен не арыз, не хат болар деп қалдым. Ашып қарасам, жабысып қалуға жақындаған екі бес теңгелік екен!..

Мен қызарып кеткен болуым керек. Екі бетім ду ете түсті. Тимка ойыма қараган жоқ, теріс айналып жүре берді.

- Өй, Тим... тұра тұршы!..

— Қазір...

Тимка шығып кетті. Шешінген бойым моншаға түспей-ақ терлеп мен отырып қалдым. Қолымда базарға мың кіріп шыққан екі көк бес теңгелік... Әлі жып-жылы.

— Ныма, ныма? — деп, үйғыр шалы қасына келді.

— Што, што? — деп, орыс шалы жақындалап келеді.

Бұларға не айтарымды білмей мен отырымын.

Ұзамай Тимка қайтып келді. Жүзінде куанышты адамның жымиюы.

— Өй, сен, бері келші, отыршы,—дедім мен, қасымнан орын беріп. Тимка отырған жоқ, келген бойы маған бірталай ұсақ ұсынды:

— Мынау ұсағы, ағай, елу жеті тыын...

Тимкамен сөзге келу қандай қын болса, ақшасын қайырып беру одан да қынға түсті. Мен оған қарызға бермегенімді түсіндіргім келеді, ол басын шайқайды. Мен күштеп бес теңгелікті оның алақанына саламын, ол алақанын жұмбайды. Бес теңгеліктер жалп етіп еденге түсіп кетеді. Бес тыындық он тыындық ұсақтар дөңгелеп-дөңгелеп, жан-жаққа жүгіріп кетті.

Жалғыз-ақ ем қалды. Мен оның мойнынан құшақтап алдым да:

— Айналайын, бауырым, сен ақшанды қайырып алмасаң, мен бұл моншаға келмейтін боламын. Сен мені жек көреді екенсің, - дедім. Жалғыз айтқаным бұл ғана смес,

әрине. Момын адамға, қарапайым адамға жетер-ау деген сөзімді аямаған болуым керек.

Тимка акшаны әрең алды. Мен тынышталып моншаға түстім.

Сыпыртқымды балқытып алып шабынатын сөреге шыға бергенде, қызара бөртіп сабаланып жатқан сыйбайласымды таныдым. Ол да мені көрді. Көрді де әрі қарай бұрылып отырды. Мен де оны қысталамадым. Жақындағаным жоқ.

Моншаның қарандылауы жақсы екен... Шабынатын сөреде бұрқыраған тұманның қоюырақ болғаны жақсы екен. Сыйбайласым маған “көрінбей” сөреден сырғып түсіп кетті. Мен жуынып болғанша, ол үйіне кетіп те қалыпты. Содан бері қөшеде кездессе де танымай өте береді... Танымай өте беруге жеттік, енді оның ар жағында таныстықтан айрылуға қалмаса жарап еді...

СІЛЕКЕЕВТЕРДІҢ КЕНЖЕСІ

Жас жігіт менің кабинетіме ордандай ба-
сып кірді.

— Сау боларсыз!..

Бұдан он минут бұрын телефон соққанда да, сөйлесу әлпетінде де бір ірілік барлығы байқалып еді, мен онысына қарамай, кел дегемін.

Қағазға толы сүрғылт папка бар салмағымен менің столыма сылқ ете түсті. Жігіттің өзі кең креслоға шалқая отыра беріп:

— Темекі тартатыныңыз жақсы екен...
Лұқсат болар? — деді менің темекіме қолын созып.

— Лұқсат...

— Біз болсақ, “Беломор”, “Бұркіт”, “При-
ма” тартамыз ғой. “Лайка” деген ерекше бірдеме болар?

— Ерекше ештенесі жоқ.

— Сонда да...

Екі аяғы есерлік, ессіздік дейтін екі бас-
палдақта тұрған адам сияқты екен.

— Ие, жұмысынды айта отыр. Жаңа айт-
тым ғой, жарты сағаттан кейін жиналышы-
мыз бар еді.

— Айта отырсам, мен сізге екі рет хат жа-
зып едім, жауап бермедініз...

Күніне ондал, айна жүзден келетін хат-
тардың көбіне жауап бере алмайтыным есіме
түсіп, мен бұлтарыс жасағаным жоқ.

— Мүмкін... Ондай жалқаулығым жоқ,
емес, — дедім.

Жас жігіт онымды қолма-қол пайдаланып,
мені ығыстыра бастады:

Осыларының кімге болса да ұнамайды.
Қою керек қой! — деді. Мен басымды изедім.

— Өзініздің бір әнгіменізге аздап сын ай-
тып едім, әлде сонын жақпай қалды ма
екен? — деп, енді менің екінші жағымнан
жармаса кетті.

Tіci бар, тілі бар жас сияқты. Сондықтан әңгімені анықтай түскім келіп:

— Ие, қандай сын айтып едің? — деп сұрадым.

— Сіздің “Сөз жоқ, соның ізі” деген әңгіменізде екі мастың ағаш түбіне көлдетіп тұрғандарынан басқа не бар? Идея деген атымен жоқ қой. Совет адамдарын маскүнем етіп көрсетуді қалай дұрыс көрдініз? Мен осыларды айтып едім.

— Сондай бір сынға жауап бергенім есімде. Алмадың ба?

— Жоқ, алғаным жоқ.

— Атың кім сенің?

— Сілекеев.

— Онда алуға тиіссің, фамилияң есімде қалыпты.

— Менің фамилиям есімде қалыпты деңгениңізге қалай сенсем екен, ө? Өзіңіз сенеді деп айтып отырсыз ба?

Жігіт мысқылдай жымышп маган қарады. Өлтіре жауап берген адам сияқты. Темекісінің күлі еденде жатқан кілемге түсіп кетіп еді, оған шіміріккен жоқ, табанымен тапай салды.

— Менің есімде қалған бір сенің фамилияң емес, ағалы-інілі, нағашылы-жиенді үлкен бір топ адамдарым бар еді көптен билетін. Солардың бәрінің фамилиясы Сілекеев екен... Бұзау көздеу, бұқа бұғактау, өнімсіз де болымсыздау... Талант-талабы таяздау, талап етуі шексіздеу... Солар жайында жа-

зайын деп жүргенім бар еді... – деп, мен жігіттің көзіне туралап қарап едім, аңғармады.

Ол мені ығыстыраңдарай болып ірі отырғанда ұнай бастап еді. Жастық қызымен орынды-орынсыз соқтыға сөйлегенін ауырлаған жоқлын да. Жап-жас жігітті, танып-біліп болмай, үр да жық, сотқар деп қалай айтартсың? Тасада тұрып тас лактыратындарға қалай киярсың?

– Сын жазушы ма едің? – дедім, үзіліп қалған әңгімеге кайта оралғым келіп.

– Жоқ, фельетон жазамын, – деп жас жігіт папкасын алдына қарай жақындастып қойды. – Кезінде аудандық газетке үзбей басып жүрдім. Соларымды оқып берсеңіз деп келіп едім.

– Жарайды, оқын, қалдырып кет.

– Бірақ көбі шимай-шытырман қолдан жазылған қалпында еді.

– Онда қалай, машинаға бастырып әкеlesің бе?

– Соған ақшам болыңқырамай тұрғаны...

– Е!.. – дедім мен, даусыма ең кемі екі-үш тұрлі астар беріп.

Жігіт көзі лайланып, ақша керектігін айттып тұр. Менің көзім онысына түсінбегендей қарайтын сияқты. Жігіт мандайының терін сұртті. Еркектің ең аянышты халі дәрменсіз ыржиган кезі ғой. Ойын, ар жағында жаутаңдау ғана бар. Мен оған жібермей:

– Фельетонист екенсің ғой! – деп сүйемел жасадым.

- Шама-шарқымша... — Жігіт жүзі өндеп не бастады.
- Бір фельетонның материалын көзіңе көрсетейін, жазасың ба?
- Жазам.
- Жүр...

Мен Сілекеевті ертіп алып, жаңа моншаға кеттім.

“Жаңа монша тамаша екен!” дегенді естіп, мен мана таңертең ғана жуынып қайтып едім. Монша шын-ақ жақсы, жылы да жарық екен. Моншаны ашқан күні ірі сөздер сөйленгенін монша бастығының өзі айтқан:

- Біздің Сандановский!
- Астананың ажары!
- Орындалған ұлы арман! — дегенге дейін барысыпты.

Бірақ біздің барлық кенседен қып шыға алмай жүрген қағаз-құмарлық, жазуқұмарлық үйір-үйірімен осында келіп орнатты. Мен жас фельетонисқа осыны көрсеткім келді.

Фельетон материалдары моншаға кіре бере-ақ кездесе кетті.

Екі жерде екі касса: еркектердікі, әйелдердікі.

Екі жерде киім ілетін екі қоршau: еркектер үшін, әйелдер үшін.

Залдың екі басында екі контролер: еркектер үшін, әйелдер үшін. Бұлар моншаға кірерінде тексереді.

Есік алдында тағы екі контролер: еркектер үшін, әйелдер үшін. Бұлар шығарында тексереді.

Бәрі де жусап отыр, таңертең де жусап отырган, жұмыс жок.

Улкен залда үш әйел, екі еркек жуынып шығып, дем алып отыр. Бізбен жетеу болдық.

Мен еркектер кассасына келіп:

— Номерге екі билет, — дедім.

Жұмыс жоқтықтан талмарап отырган кас-
сир әйел жалқау қозғалып, екі билетті жыр-
тып алды да, қолдан нөмірледі. Содан кейін
кіріс-шығыс кітабына тіркеді. Содан кейін ма-
ған берді.

— Көпшілік бөліміне екі билет, — дедім.
Ол билеттерді тіркемей берді. Бірақ осы би-
леттер үш түрлі қулкіге ұшыратарын таңер-
тең көргемін.

Мен қасымдағы жігітке он тын бердім де:

— Су ішейік, кассаға барып ұсақтата қой-
шы, — дедім. Жігіт кассаға барып еді, кас-
сир әйел ұсақтамады:

— Уақтауға хақым жок. Ана бұрышта отыр-
ған жас жігітті көресің бе, сол ұсақтайды.

Алдында жарық-жарық жалпақ стол, аяк-
тары серейген жас жігіт отыр. Стол үстінде
қой отарындай жайласып жатқан көп ұсақ...
Осы ақша ұсақтауда кезектесіп істейтін үш
қызметкер бар!

Біз жоғары қабаттағы көпшілік бөліміне өте
бергенде, төменгі залда отырган контролер
әйел бізге қолын созды. Біз билетімізді ұсын-
дық. Ол билетіміздің үштен бірін жыртып
алды да:

— Мына бөлегін монашыға бересіндер,
мына бөлегін моншадан шығарда анау есік

алдында отырған контролерге тапсырасындар, — деді.

— Түсіндік...

Мен бұл жолы моншага түскенім жок, әрине. Еркектерге арналған ерекше демалыс бөлмесіне кірдім де:

— Қалай, фельетондық материал көре алдың ба? — дедім.

— Артығымен! — деді жігіт. Ол менен артығырақ көрген екен: — Мынау дегеніңіз бір сүмдық қой — деп қорқытты.

— Жазасың гой?

— Жазамын.

— Ал ендеше кеттік...

Біз моншадан шығуға бет алғанда, есік алдындағы контролер қолын созды:

— Билеттеріңіздің контрольдық құлақшасын!

— Жоғарыда тастап кеттік... — дедім мен.

Әйел тынышсыздана бастады. Азырак үрсып алды.

— Тауып әкеле алмайсыз ба?

— Жоқ... мусор жәшігіне тастап жіберіп ем...

— Контроль құлақшаны маған тапсыру керек екенін неғып білмейсіздер?

— Бір құлақшаны ана контрольге беріп едік қой!

— Ол өз алдына, мен өз алдым...

— Амал не, кешіресіз де...

Далаға шыққан соң фельетонист жігітке:

— Мә, саған жиырма бес сом... Осыдан фельетон шығара алсан, қайтып сұрамаймын. Шығара алмасаң, он күннен кейін қайтып әкеліп бересің, — дедім.

— Ойбай, аға болады!

Содан бері он төрт ай өтті, фельетон да жок, жиырма бес сом болса болмаса да жок... Монша тәртібі, құдайға шүкір, өзгеріп, анадан-мынадан арылып та үлгерді.

АШЫНҒАН АНА

— Қонайын деп едім, — деді есіктен бір жалба-жұлба әйел кіріп келді де.

Жағы суалған. Бет-аузын айғыздап тілген әжім маңдайы мен екі көзінің құйрығында түйісіп жұлдызданып тұр. Ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бір-ақ тілектің ізі екенін ешкім анғарған жок. Жарылған еріндерін тас жұмып алып, үй иесіне от шашқан қара көзін қадады да, жауап күтті.

Жырым-жырым жеңінен білегіне дейін көрінген қайыстай қап-қара қолын қосеу ме дерсін. Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше жарқырап көзге ұрады.

— Қай жақтікі боласыз? — деді үй иесі, әйелдің батылдығын ұнатпай. Оның үстіне, көр көзділеу адам “қонайын деп едім” дегенді жақтырмады. Әйелдің қажыған жан, қалжыраған жайын ұға алмады.

— Сендей үй бикештері қайнынан басқа елді білмейтін. Айтсам да біле қоймассын.

Айтсам кейін айтармын, өуелі “қон” деген сөзінді айтсайшы! – деді әйел манағыдан көрі де батымырақ түрде.

Үй иесі кесек сөздерден бастырылып қалды білемін қайыра жауап берे алмай:

– Қонам десен енді... – деп былжырады да, өз әйеліне қарады. Оның қыпзылықтаған көздері “мына бәледен” құтқармасан, маған от шашып жібере ме, қайтеді... деп түрды әйеліне.

– Е, қонсын. Қоныңыз, – деп, әйелі меймандостық көрсетті.

Қыр арқасы мен жағасынан басқа дымы қалмаған құп-ку камзолын босағаға іле тастады да, келген әйел көсеудей қолын отқа қактап жатып:

– Тоңып келдім. Алыстан келем, сорлы басым! – деді.

Бастапқы сөзден беті қайтып қалған үй иесі құбжендеп сөйлескісі келген пішін көрсетті де, еш нәрсе сұрай алмады. Көгендегі қозыдай болып отқа төніп отырған балалар қорқып, кейін шегініп кетті. Үй әйелі жалма-жан бір тостаған үндыш алып илей бастады да, әрі-бері қыбыжықтап отырып:

– Сыңайласым, арып-шаршаған адам көрінесің, көзіміз үйренсін, жөнінді айта отыр, -- деді.

– Айтам, шырағым, айтам. Мына үй қожаның тауы шағылып, жаны жасып қалды білем. Мені бір мыстан кемпір деп отырғой, сір! – деп, самайына түскен кара бу-

рыл шашын құлағынан асырып қайырып тастады да, сөзіне кірісті:

— Қаладан келем, шырағым!.. Шыққалы он күн болды. Жоғарғы Арғын, Бәден ауылынікімін. Көптен жесір адаммын. Доңыздың ашаршылығына байымды берсем де, арқалап жүріп жалғыз баламды алып қалып едім. Сол балам үшін он жеті ай түрмесін де көріп келе жатырмын... — деп, бір күрсініп қойды.

Үй әйелі нан баттасқан қолымен самай шашын жинай беріп бір “сылп” деді де, қолын көтерген бойы аузын ашып қатып қалды.

— Бала ананың бауыр еті ғой, отқа да, суға да сүйреп салады екен. Өзегіңнен үзіліп түскен балаң үшін қалай отқа түспессің? Былтыр әлі солдат алатында жалғыз ұлым он бесте еді. Алтыбас деген байдың сиырын бағуға жарағалы екі-ақ жыл болған. Екі жылдан соң:

— Қарағым, екі жылғы табан ақына бірдене берсе, алып кел деп балама тапсырсам:

— Сауып отырған сиырдың сүтін актап жүрсің! — деп, әлгі Алтыбас ит дым бермегені ғой.

Жиырма бірге келген баласы болыс еді. Онбаған неменің көзі құтырған иттің көзіндей екі түрлі болып, бірі алданып, бір қанталап түрған, шашы үрпиген бір пәлені өзі шақылдаған. Байдың баласы бөрінің бөлтірігінің келетін әдеті ғой.

— Ақы бермесең кетем, — деген баламды жонын бірдей ғып сойып салыпты. Содан соң балам қашып келген.

— Е, бұл белгілі жай ғой. Ақысын ала алмаған жалғыз менің балам ба, тәнірі! — деп, әйел аз тоқтап, қайта сөйлеп кетті:

— Сөйтіп отырганымызда, солдат алатыны шықлас па... Аттының қамшысы, жаяудың таяғы қашан да бізге тиеді ғой.

— Қапия қатынның баласы да ілігіпті, — деп дүнк ете түсті.

— Қой менің балам жас емес пе? — дейім. Жаманат өтірік бола ма, балам ілікті де кетті... Жұртпен көрген ұлы той, әуелі отыра бердім. Баламның жастығына ішім ауырса да, жұрттың барлық бозбаласы барады дегенсін, жалғыз елде қалып, үйірге салушы ма ем, барсын, дедім.

Солдат бермейміз деп азамат атқа мінгенде, менің қарғатайым да бір тайға мініп далбандалашуып жүрді...

Күн өтті, ай өтті. Бір уақытта елдің іші алатайдай бөлініп адам басы дал болды да қалды. Жылағанда басы қазандай болған қатындардың біразы үн-түн жоқ, басыла қалды. Бірге жыласып, патшаны бірге сілесетін қатындарым қоя қойыпты. Мұндасайын деп маңына барсам:

— Қайтесіндер, құдайдан күтіндер, — дейді де теріс айналып кетеді.

Сұрастырысам, біз секілді құрын түндіктен басқаның баласын босатып алған екен. Ба-

ласы босағандар кәдуілгідей бөлектеніп, іргесін аулаққа салып, жүре сөйлеседі. Көрінгеннің көзіне қарап:

— Ағайын, маған да жәрдем берсендерші. Жасы толмаған жалғызым көлденең ілігіп түрғой... — десем:

— Құдайдың салғанын күтуден басқа не шара бар... — деп етегімнен тартады.

Тамам таз бен ақсақ, шолақтың арасында біздей сорлының баласы ғана солдатқа баратын болыпты...

Салып болысқа бардым. Көз жасымды көлдей төгіп болыстың өкесіне жалындым:

— Өмірімде есігінен алмайын. Тек қана солдаттан аман алыш қал. Бұғанасы қатпаған жас бала арам ғой, — дедім.

— Малымның санынан алған адамымның саны асып барады. Ала алмаймын, — деді.

Керілген кермиық жас қатыны бар еді.

— Қара үйге бар. Бұл үйге кісі келеді, — деп айдал шықты.

— Мен кісі емей, итпін бе дейін деп кеудем бір қозып түрді да, айта алмадым, шығып кеттім.

Алтыбас деп жай атанды деймісің, бұған менің өкімім өтпес дедім.

Одан шығып болыс баласына жалындым.

— Ел бассыз, қатын байсыз қалмас, барсын. Баланың жасын қате жаздырған байынан көр! — деді де, поштабайына “мына қатынды шығар” дегендей ым қақты.

Ауылнай, билеріне де барам. Хатшыға да жалынам. Жылай-жылай құрғыр көз суалуға

да айналды: жәрдем түгіл, сөзімді тыңдайтын да адам жоқ.

— Е, барсын. Шошқа етін жеп жақсы бол келеді, — деп, хатшы келеке қылады.

— Өзің өлі байдан қалған қатын емес екенсің, балаңнан ұялып жүрген шығарсың. Өрісің кеңиді, барсын, — деді, болыстың қасынан қалмайтын бір қара сақал.

— Алдияр, құлдық, мырзалар-ау, балам он бесте-ақ қой, көлденең күйдірмесендерші. Бір ат, бір сиырым бар, соны алыңдар, баламды босатыңдар, — дейім. Ешкім айналып та қарамайды. Бір ат, бір сиыр парага жарадан қалған екен...

Сонымен болыстың маңайында бір жеті шарлап жүрдім. Қараша үйлерді жағалап айран-шалап ішем. Кейде біреуіне қонам, кей күні кез келген арбаның астына жатып шығам.

Бір күні Алтыбас байдың тезек арбасының қасында жатыр ем, біреу келіп арқамнан құшактай алды. Іс-міс жоқ қаусырып әкетіп барады. Адам ба, сиыр ма, жұмысы жоқ, өңмендеп басып барады. Ұшып тұра келсем, өлгі болыстың қасында жүретін қара сақал екен. Аяғым аузына тиін кетті білем...

— Жетім қыздан жесір қатын жақсы деп ем, бақыр басынды алтын табаққа салайын десем... — деп телміріп отыр. Кеудеден итеріп кеп қалып ем, ыңқ етіп шалқасынан түсті. Тұра салып білегін білеулеп келе жатыр.

— Эй, қара сақал! Тек тиіп қара, қолында өлем! — деп, анадай жерде жатқан балтаны көтеріп-ақ алдым. Ұялды білем:

— Ой, қан жауғыр қаншық — деп журе берді.

Құң болып құмығып қалған жанбыз ғой, қанша ашулансан да балтаны жұмсай алмадым...

Баламды босатар емес. Өзімді әбден сыққа айналдырып болды. Көлденен қамшы қыстырып, шырт түкіріп жүргендердің бәріне жалынам.

— Балаңды қоя тұршы... — деп мазақ қылады. Несін жасырайын мен бір кезде “Айна көз” атанған сұлу едім, — кейде сұлулық та сорыңа біtedі!

Енді қайтем? Қаныма қарайып болдым. Бірақ қолымнан ештеңе келер емес. Тор байталға мініп балам келіп еді.

— Апа, қайтесің, еріккен жұртқа ойыншық болып. Бүйтіп сені сыққа салғанша, солдатына-ақ барам. Қайт үйге! — деді.

— Оның мені сыққағанға қүйіп-пісіп жүргені өзегімді өртей тұсті...

Баламды ертіп алып болыстың үйіне тағы бір келдім. Баламның жастығын көздеріне көрсетіп, бар тілегімді де айтайын, алғысқарғысымды да аямайын деп келдім.

Алдында қымыз, ақ жастыққа шынтақтап болыс жатыр. Қымызын аузына апара беріп қара сақал маған бұқадай төне қарады:

— Би-еке, тағы келді ғой байғұс... Сұба-бын ал... Баланы кейін көрерміз... — деп, жап-жас бала болыс маған қарады. Мұндай арсыздықты бірінші рет естігендей едім. Балам қулағын басып ата жөнелді.

— Біз көрмей-ак қояйық. Өзін бір айға қаратып алши! — деді болыс, мен бұрылып есікten шыққанша.

Далаға шықсам, балам байталына мініп алып шауып барады екен. Шешесін қорлаганға шыдай да алмаған, қолынан келері де жоқ... Қозім қарауытып, теңселіп тұрып қалдым. Құдайдың дес берісінде, екі құлағын дірілдетіп үстіне бас салған бір табақ ет көтеріп поштабай келе жатыр екен. Табақтың шетінде жалтырап жатқан сар кездікке қозім түсе қалды. Ар жағын өзім де анық білмеймін...

Өзім қозім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқыншағынан салып кеп жібердім. Сағалатып тұрып өкпе тұстан тағы бір-екі рет бұлғап-бұлғап алдым да, үмтүлдым-ай кең қара сақалға! Болыска пышақ салып жатқанымда, көзі шарасынан шығып қара сақал қалшиған да қалған. Пышақты өзіне ала оқтанғанымда:

— Ойба... ойба... — деп, екі қолын ербелендете берді. Поштабайдың табағы қолынан жалп етіп жерге түскенін, тістері ақсиып бастың домалап кеткенін бір көріп қалдым.

Көзіме қан толып кетті білем, еш нәрсені ашық көре алмадым. Қай жері екенін білмеймін, пышағымды екі-үш рет сүкқыладым-ау дейім, қара сақалға да. Бірақ сүйек-

ке тырс-тырс етіп, пышағым батпады. Соны ғана білем, содан соң талып кетіппін...

...Бір уақытта селк етіп көзімді ашып кеп қалғанымда, көзіме үймелеген қара шыбын ду ете түсті. Көзім жыбыр-жыбыр етіп ашқызыбайды. Көзімнен басқа жерім қорғасынмен құйып тастағандай тұрайын десем, деңемде өзіме бағынатын бір мүше қалмапты, бәрі бөтен. Қолымды көтеріп деңемді барлайын десем, қолым тырп етпейді. Аяғымды қозғайын десем, аяғым өзімдікі емес...

Шалқамнан жатыр екем. Жап-жалтыр аспаннан басқа түк көрінбейді. Не онға, не солға бұрыла алмаймын. Өзге деңемнен айрылып, құр көзім ғана қалғандай... Түсім шығар деп біраз жаттым... Әлден уақытта аяқ жағымда бірдеменің ауырғаны білінді. Бірақ өз деңем емес, қасымда жатқан біреудің деңесінің ауырғаны маған білінеді екен дейім...

Жата-жата білдім-ау, естен танғанша тепкілеп-тепкілеп, ауылдың сыртына керіп тастаған екен.

Деңем түгел көрінеді. Бірақ бірде-бірінің жаны жоқ, бәрі бөтен. Деңемді бөлек-бөлек етіп шауып біріне-бірін қайтадан жалғап тастағандай қозғаға келмейді.

Есім түн ортасында жиналды. Аяусыз жан, қанша тепкіні көтеріп, енді маған соның мөлшерін айтып жатыр. Екі аяғымды екі қазыққа, екі қолымды екі қазыққа керіпті де, білек пен қызыл асықтан тастай қып таңып тастапты. Шашымды аттың құйрығындағы

бұрап-бұрап, бесінші қазыққа байлапты. Балам Бақыт көрер ме, өзі де бір жерде керіліп жатыр ма, менің жатқан жайым осылай екен. Тепкіден басқа не істегендерін білмеймін...

Жаны құрғырдың өлі шықлағанына көзім жеткен соң, өлімсіреген дауыспен!

— Қараышығым, қайдасың... — дедім ыңырсып.

— Ит жанды ит тірілді ғой! — деп, қос қабаттаған қамшы көзіме жауып кеп кетті...

Құрсын, құрғыр өмір, бейнеттің жеті атасын көрді ғой бұл жұдырықтай бас. Бәрін айтсам, жүректерің ұшар. Мына жасық байың үйінен үркіп кетер, көзі бакырайып кетті ғой қысқартайын... — деді әйел.

Содан соң ай жеті күн дегенде көрдей қараңғы, мұздай сұық түрмеге апарып көмді де тастады ғой.

Босағалы бүгін он күн. Қыстығұні патша түсіпті. Одан соң бір патша болыпты. Қазір бәлшебек деген жұрт билеп түр қаланы деп, түрмеден шыққан соң естідім: өздерін тани алмадым, бізді босатқан солар екен.

— Енді түрмеге бұрынғы түрмешілердің өздері жататын болады! — дейді олар.

— Түрмеден шықтым да, қараышығым қайда екен деп, елге қарай ұшып келем. Сорлы балам мені қайдан іздей алсын. Өзім іздеп табам ғой деп, жүргім алып ұшып келеді... — деді.

Алдына әлдекашан қойылған шай мен жылы, жұка нанға әйелдің қолы әлі бір тиғен жок.

“Енді түрмеге түрмешілердің өздері жаттын болады!” дегенде – “сен бұл сөзге түсінемісің?” дегендей, әйел үй иесінің бетіне бір қарап еді, оның көзі төмен қарай жылт ете түсті.

Енді, міне “жүрегім алып ұшып келеді!” дегенде, - көзінің қараышында ойнаған от сөулесі ортада маздалап түрған оттың өзінен де артық жарқырап кетті. Иргеге бүкілан балалар қозғала-қозғала әйелдің қасына келіп, тізесіне де асылып, аузына да қарап қалыпты. Манадан бері “балам” сөзді әйел осы балалар жайында айтып отырғандай.

– Сендер үшін! – деп, ер әйел балалардың мандаларынан бір-бір сипағанда, бұдан бұрын ешбір ана сипамағандай мейірім қанатының лебіндей өте майда тиді. Дауыл желінен түрілгендей үй иесінің тымағының бір құлағы түріле бастапты...

Әйел тұн бойы өмірінің қаранды түкпірлерін қазып, көп әңгіме айтты. Өмір өзін сондай сіліккен. Қазір бұл сондай орасан күшті. Енді өмірді өзі сілкүге жарап қалған ана еді...

МАЗМҰНЫ

ТАЛПАҚ ТАНАУ

3

ЕКІНШІ БИ-АҒА

18

АСПАНДА БОЛҒАН ЖЕКПЕ-ЖЕК

32

ҚАСҚЫРДЫ АТҚАН ҚАЙСЫСЫ

50

ТИМКА-ДИМКА

55

СІЛЕКЕЕВТЕРДІҢ КЕНЖЕСІ

61

АШЫНҒАН АНА

68

Фабит МҮСИРЕПОВ

ТИМКА-ДИМКА

әңгімелер

Редакторлар *M. Бекмагамбетов, Ж. Жұмбергенов*

Техникалық редакторы *Г. Темірқызы*

Суретші *H. Айымбетов*

Компьютерде терген *L. Сермаганбетова*

Корректор *Ш. Әжібекова*

ИБ №03

Дайын диапозивтен басуға 10.04.03 қол қойылды.
Пішімі 70x90^{1/32}. Қаріп түрі “Times Kaz”. Офсеттік
басылыс. Шартты баспа табағы 5,0. Есепті баспа
табағы 4,8. Тарапымы 2000 дана. Тапсырыс №515.

“Таным” баспасы, 473000, Астана қаласы,
Победа даңғылы, 63/1.

ЖШС “Гридан-Полиграф” баспаханасында
басылған, 480091, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы,
193-үй, тел./факс:32-14-97, тел.: 39-59-32.